EGEMEN QAZAQSTAN

egemen.kz E-mail: info@egemen.kz | 8 СӘУІР 2026 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №65 (31296) | FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Құттықтау жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды Президент болып сайлануымен құттықтады.

«Сайлаудағы жеңісіңіз елді саяси-экономикалық тұрғыдан өркендетуге және ұлттық мүддені халықаралық деңгейде ілгерілетуге бағытталған маңызды жоспарларыңызға азаматтардың сенімі жоғары екенін көрсетеді. Сіздің парасатты саясатыңыз бен қажырлы еңбегіңіздің арқасында Отаныңыз бүгінгіден де биік белестерге жете беруіне тілектеспін», деп жазылған жеделхатта.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Вьетнамды Қазақстанның Азиядағы маңызды серіктестерінің бірі ретінде атап өтіп, өзара стратегиялық әріптестік қос халықтың игілігі үшін одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы

2025 жылғы 18 маусымда Астанада жасалған Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі және екінші тараптан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 7 сәуір
№ 275-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 56-бабын өзгертуге қатысты хаттаманы ратификациялау туралы

2016 жылғы 6 қазанда Монреальда жасалған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабын өзгертуге қатысты хаттама және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 56-бабын өзгертуге қатысты хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 7 сәуір
№ 276-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

1) 16-бапта:

33) тармақшада:

«диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдер» деген сөздер «диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақ өнімдерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бекітеді» деген сөз «айқындайды» деген сөзбен ауыстырылсын;

«белгілейді» деген сөз «айқындайды» деген сөзбен ауыстырылсын;

34) тармақшадағы «диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдер» деген сөздер «диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақ өнімдерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 22-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) бос тұрып қалғаны, үстеме жұмысы, мереке және демалыс күндеріндегі, түнгі уақыттағы жұмысы үшін осы Кодекске сәйкес ақы төленуіне;»;

4 >

ИГІ ІС

Көкше көшетімен көрікті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2 млрд көшет отырғызу туралы тапсырмасын орындау барысында өңірде қыруар жұмыс атқарылып жатыр.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Көкшетау десе, көз алдыңызға көкмұнар сағымға бөленген көгілдір таулар, тау етегінен ұшар басына дейін ұйыса өскен мәңгі жасыл қарағайлар мен қолдың саласындай ақ қайыңдар, жасыл жапырақтары ақша бұлтты аймалаған зәулім теректер елестейтіні сөзсіз. Ел байлығы есебіндегі орман қорын сақтау, көлемін көбейту, шып-шырғасын шығармай келесі ұрпаққа мұра етіп табыстаймыз десек, жыл сайын орман қорын көшет егу арқылы молайтып отырған ләзім. Орманның орасан пайдасы туралы тәптіштеп айтып жатудың өзі артық. Оны оқырман қауым өте жақсы біледі. Дертке дауа, бір жұтсаң, көкірегіңіз тазарып, көңіліңіз көтерілетін Көкшенің саф ауасы осы орманның арқасында мөлдіреніп, шаң-тозаңнан арылып, елге көп-көрім қуаныш сыйлап тұр. Өңірде 2021–2027 жылдары 150 млн дана көшет егу жоспарланған. Көшет әдетте ерте көктем мен қоңыр күзде егіледі. Негізінен қарағайдың бірнеше түрі, қайың тәрізді тез жерсінетін, көгеріп қаулап өсетін ағаш түрлері таңдалады.

11 >

ІЛКІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

Биометриялық төлем: Жаңашылдық пен қауіпсіздік

Еліміздің қаржы секторында биометриялық технологияларға негізделген төлем жүйелері енгізіліп жатыр. Атап айтқанда, «Halyk Bank» «FacePay» жобасын сынақтан өткізсе, Kaspi.kz «Alaqan» сервисін ұсынды. Сонымен қатар «Ұлттық төлем» корпорациясы биометрия арқылы төлем жасауға мүмкіндік беретін жаңа инфрақұрылымды іске қосуды жоспарлап отыр.

Елігімай ТӨҢКЕР,
«Egemen Qazaqstan»

Аталған жаңашылдық қаржылық қызметтердің тиімділігін арттыратынына дау жоқ, әйтсе де ақпараттық қауіпсіздік пен жеке деректерді қорғау мәселесі де қоғамды ойландырмай қоймайды.

Bluescreen жасаған зерттеуде «Tarlan Payments» компаниясының директоры Андрей Седенко биометриялық төлемдердің шынайы жағдайын жан-жақты талдап, оның мүмкіндігі мен тәуекелін қатар көрсетеді.

5 >

Коллажды жасаған – Зәуреш СМАҒҰЛ, «EQ»

АТА ЗАҢ

Құқықтық мемлекет қағидаттарының арқауы

2026 жыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, мемлекеттің ұзақмерзімді даму бағытын айқындайтын маңызды кезеңге айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел ішіндегі түбегейлі өзгерістер мен әлемдік ахуалды ескере отырып, стратегиялық бағдар ретінде мықты демократиялық институттары бар, құқық үстемдігі орныққан Әділетті мемлекет құруды нақтылады. Реформаның нәтижесі болып отырған жаңа Ата заңның басты мақсаты — заңды сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

Жаңа Конституцияда мемлекет 2019 жылдан бері жүйелі түрде ұстанып келе жатқан дәстүрлі құндылықтар мен адам құқықтары үйлесімді түрде көрініс тапты. Преамбулада біртұтас Қазақстан халқының бірлігі, Ұлы даланың тарихи сабақтастығы, Әділетті Қазақстан идеясы, заң үстемдігі мен қоғамдық келісім, этносаралық және конфессияаралық татулық, мәдениет пен табиғатты аялау қағидаттары айқындалды. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау, зияткерлік меншікті сақтау, кемсітушілікке жол бермеу нормалары нақты бекітілді.

4 >

ҚОҒАМ

КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІНЕ КЕШЕНДІ КӨЗҚАРАС КЕРЕК — 6

ҒЫЛЫМ / SCIENCE

БЕРЛИНДЕГІ НЕЙРОХИРУРГ ҒАЛЫМ — 8

ЗЕРДЕ

ЖОҒАЛЫП ТАБЫЛҒАН СУРЕТ — 9

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМЫ: EUR/KZT 531.87 USD/KZT 460.37 RUB/KZT 5.82 CNY/KZT 67.14

Көмір саласы кешенді дамуға бет алды

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көмір энергетикасын дамыту мен көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жобаны жүзеге асыру мәселесі қаралды.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Отырысты ашқан Үкімет басшысы алдымен Президент тапсырмасына сәйкес Конституцияны түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілгенін атап өтті.

«Қазір сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Конституцияның барлық новелласы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп жатыр», деді О.Бектенов.

Осы ретте бүгінгі қарқынды баяулатып алмау қажеттілігіне ерекше назар аударылды. Премьер-министр бірқатар министрліктер мен уәкілетті мемлекеттік органдарға жоспарлы жұмысты одан әрі жалғастыруды, барлық мемлекеттік органға түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруды тапсырды.

Күн тәртібіндегі негізгі тақырыпқа көшкен Премьер-министр еліміздің көмірмен қуат өндірудегі әлеуетіне тоқталып, саладағы артықшылықтарды тиімді пайдалану қажет екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда көмір энергетикасын дамытудың маңыздылығына тоқталып, көмірмен қуат өндіру ісі бойынша Ұлттық жоба қабылдауды тапсырды. Жоба аясында 5 жыл ішінде жаңа станса салу және қолданыстағы 11 стансаны жаңғырту есебінен 8 ГВт қосымша энергия қуатын алу көзделіп отыр. Көмір өнеркәсібі және көмір стансаларында электр энергиясын өндіру отандық отын-энергетикалық кешеннің негізгі салалары саналады. Олар еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысы ел экономикасында көмірмен қуат өндіру ісінің маңызын әрдайым атап өтіп, саланы одан әрі дамыту үшін бірқатар бағыттарды айқындап берді. Көмір қоры бойынша әлемдегі жетекші 10 елдің қатарына кіреміз. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз, оны тиімді пайдалануымыз керек», деді Премьер-министр.

Олжас Бектеновтің сөзінше, көмір әлем елдерінде, соның ішінде ең көп энергия пайдаланатын өндірістермен қатар, цифрлық платформалар үшін де маңызды қуат көздерінің бірі болып қала береді. Сонымен қатар кейінгі уақытта қоршаған ортаға әсері барынша аз «Таза көмір» технологиясы белсенді дамып келеді.

Бұл бағытта Қытай, АҚШ, Үндістан, Оңтүстік Корея және басқа елдердің қалыптасқан тәжірибелері бар. Кейінгі жылдары көмірқышқыл газы мен қоспаларды 90%-ға дейін ұстап қалып, зиянды қалдықтарды қауіпсіз сақтауға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар қарқынды дамып келе жатқаны атап өтілді. Премьер-министр қолданыстағы көмір стансаларын жаңғырту, ауаға тарайтын зиянды қалдықтар көлемін азайтып, тиімділігін арттыру мақсатында белсенді қолдану қажеттігіне назар аударды.

Сондай-ақ елімізде тұтыну көлемінің өсуі мен цифрлық активтердің қарқынды дамуын ескере отырып, энергия нысандарын жоспарлы әрі уақтылы іске қосу керек.

«Мемлекет басшысы жаңа Жылу стансаларының құрылысын жеделдету қажеттігін атап өтті. Қазақстанда тұтыну көлемінің өсуі мен цифрлық активтердің қарқынды дамуын ескере отырып, энергия нысандарын жоспарлы әрі уақтылы іске қосу керек. Осы мақсатта наурыз айында көмір генерациясы бойынша Ұлттық жоба қабылданды. Энергетика министрлігі «Самұрық-Энерго» компаниясымен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, Ұлттық жобаның орындалуын ерекше бақылауға алсын. Әрбір жаңа стансаның іргетасын қалаудан бастап іске қосуға дейінгі барлық жұмыстың нақты жоспары болуға тиіс», деді Үкімет басшысы.

Энергетика министрі Ерлан Аққенженов Президенттің тапсырмасы аясында 2026 жылғы 20 наурызда «Көмір генерациясын дамыту» ұлттық жобасы бекітілгенін мәлімдеді. Жоба жиынтық қуаты 7,8 ГВт болатын жаңа өндірістерді іске қосу, қолданыстағы стансаларды жаңғырту, заманауи тазарту жүйелерін енгізу, көмір өндіру мен логистиканы дамыту, кадр әлеуетін күшейту және тұрақты инвестиция тартуды қамтиды. Еліміз әлемде көмір қоры бойынша 10-орында (33,6 млрд тонна). Бұл қазіргі қарқынмен 300 жылдан астам уақытқа жетеді. Негізгі кен орындары Қарағанды, Екібастұз және басқа бассейндерде орналасқан. Биыл көмір өндіру көлемі 128,9 млн тоннаға жетуге тиіс. Былтыр 115,9 млн тонна өндіріліп, оның 85,9 млн тоннасы ішкі нарыққа, 30 млн тоннасы Ресей, Польша, Өзбекстан, Түркия, Үндістан, Малайзияға экспортталған. Салада 40 жер қойнауын пайдаланушы 41 келісімшартпен жұмыс істейді, 32 мыңға жуық адам еңбек етеді. Ал инвестиция көлемі былтырғы 305 млрд теңгеден биыл 553,5 млрд теңгеге дейін өседі. Сондай-ақ жыл соңына дейін 10 учаскеге аукцион өткізу жоспарланып отыр.

Елімізде көмір генерациясының жаңа қуат көздері салынады. «Самұрық-Энерго» басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтовтың айтуынша, 4 ірі жоба іске асырылады. Барлық жобалар энергия тапшылығын азайтуға бағытталған. Жаңа стансаларда цифрлық мониторинг енгізіліп, «таза көмір» технологиялары (SCR, сүзгіл ер, күкірт тазарту) қолданылып, экологиялық талаптар сақталады.

Үкімет отырысында «Богатырь Көмір» ЖШС бас директорының орынбасары Асылбек Жұматаев 2026–2032 жылдарға арналған кешенді даму жоспарын таныстырды. Компания – еліміздегі ең ірі көмір өндіруші, қоры 2,4 млрд тонна, жылдық қуаты 42 млн тонна (ел өндірісінің 38%-ы), 6,5 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Жалпы құны 360 млрд теңгені құрайтын жоспар аясында 114 млрд теңгеге заманауи технологиялар енгізу, 132 млрд теңгеге жабдықтарды жаңарту, 114 млрд теңгеге өндірісті жаңғырту мен цифрлық трансформация қарастырылған.

Ал «Qarmet» компаниясы энергетикалық қуат көздерін арттырып, көмір химиясын дамытып жатыр. Компанияның басқарушы директоры Ербол Исмаиловтың айтуынша, қазір ЖЭО-2 мен бу-ауа стансасының жиынтық қуаты шамамен 400 МВт болса, болат өндірісін 5 млн тоннаға дейін ұлғайту жоспарымен қажеттілік 630 МВт-қа өсіп, тапшылық туындайды. Осыған байланысты ЖЭО-2 базасында 300 МВт болатын екі жаңа энергия блогін салу көзделген. Сонымен қатар ЖЭО-да қазандық салу, газ құбырларын ауыстыру, түтін құбырларын жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Компания көмір химиясын дамыту аясында 422 млн долларға №8-9 кокс батареяларын, 166 долларға кокс газын тазарту жүйесін іске асыруды жоспарлап отыр. Нәтижесінде, жылына 35 мың тоннаға дейін шикі бензол, 15-тен астам өнім өндіру көзделген.

Павлодар, Қарағанды, Абай облыстарында да энергетикалық қуатты арттыру мен көмір саласын дамыту бағытында ірі жобалар жолға қойылған. Жаңа нысандар салынып, қолданыстағы стансалар жаңғыртылып, өңірлердің энергия тапшылығын азайту көзделген. Жобалар өндіріс көлемін ұлғайтып, мыңдаған жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Отырыс қорытындысында Олжас Бектенов мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді. Энергетика және Экология министрліктері бір ай ішінде энергия көздерін талдап, «таза көмір» технологиясын енгізудің жол картасын әзірлеуге тиіс. Қолданыстағы стансаларда заманауи тазарту жүйелерін кезең-кезеңімен енгізу, олардың тиімділігін арттыру әрі халықаралық тәжірибені бейімдеу қажет. Сондай-ақ 1 шілдеге дейін көмір химиясын дамытуға арналған мемлекеттік қолдау мен қаржыландыру тетіктерін әзірлеу, цифрлық технологиялар арқылы өндіріс тиімділігі мен еңбек қауіпсіздігін арттыру жоспарын бекіту тапсырылды.

Инфографиканы жасаған — Амангелді КИЯС, «EQ»

Фокус, команда және нәтиже

Сенат төрағасының орынбасары Жақып Асанов Қызылордада жас мемлекеттік қызметшілермен кездесті. Кездесуге облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Ашық диалог форматында өткен іс-шара практикалық тәжірибе алмасуға, тиімді мемлекеттік қызмет тәсілдерін талқылауға бағытталды.

Басқосуда Жақып Асанов кәсіби өсудің негізгі факторы – артық әрі тиімсіз үдерістерден арыла отырып, шын мәнінде маңызды міндеттерге шоғырлана білу екенін атап өтті.

«Кез келген жүйеде салдармен ғана күресіп қоймай, түпкі себепті тауып, оларды жою маңызды. Артық міндеттер мен шектен тыс жүктеме дамуға кедергі келтіреді. Негізгі бағыттарға басымдық беріп, нақты нәтижеге қол жеткізу қажет», деп атап өтті вице-спикер.

Кездесу барысында Жақып Асанов мықты команданың маңызы мен сапалы кадрлық іріктеуге назар аударып, жауапкершілік, мотивация және қызметкерлердің жеке қасиеттері жемісті жұмыстың негізі екенін баса айтты.

«Қазіргі мемлекеттік қызмет басқарудың жаңа тәсілдерін, соның ішінде үдерістерді цифрландыру мен жобалық басқаруды енгізуді талап етеді. Бұл жұмыс тиімділігін айтарлықтай арттырып, шешім қабылдауды жеделдетуге мүмкіндік береді», деді Жақып Асанов.

Жас мамандардың өңірлерді және бүкіл елді дамытудағы рөлі ерекше екені бөлек аталды. Осыған байланысты кездесуге қатысушыларға кәсіби дағдыларын үнемі шыңдап, жаңа білімге ұмтылу және нәтижеге бағытталған болу ұсынылды.

Іс-шараға жергілікті атқарушы, мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің өкілдері, сондай-ақ өңірдің мемлекеттік жас қызметшілері қатысты.

Ағаш өндірісіндегі игі бастама

Үкімет Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен «Ultradecor Trading Kazakhstan» ЖШС арасында Солтүстік Қазақстан облысында ағаш өңдеу өндірісін салу жобасы бойынша инвестициялар туралы келісімге қол қоюды мақұлдады. Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Жалпы құны 70 млрд теңге болатын жоба 2026–2028 жылдары іске асырылады. Оны іске қосу кемінде 160 тұрақты жұмыс орнын құруға, ел ішінде ағаш өңдеуді кеңейтуге, дайын өнім өндірісін арттыруға әрі өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді. Зауыттың өндірістік қуаты жылына шамамен 600 текше метр ағаш-жаңқалы плиталар (ДСП) мен 20 млн шаршы метр ламинатталған ағаш-жаңқалы плиталарды (ЛДСП) құрайды.

Келісім отандық өндірушілердің тауарларын, шикізатын, жұмыстары мен қызметтерін міндетті түрде пайдалануды көздейді. Инвестор дайын өнімнің кемінде 50%-ын ішкі нарыққа бағыттауға міндеттеледі. Кәсіпорын жобалық қуаттың 80%-ына шыққаннан кейін отандық дайын өнім экспортының көлемі жылына 60 мың текше метрге дейін жетеді.

Өңірді әлеуметтік қолдау міндеттемелері де бекітілген. Сондай-ақ инвестор жұмыскерлерді үздіксіз оқыту жүйесін енгізуге, олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Жобаны іске асыру ағаш өңдеу саласының дамуына, жергілікті мазмұнды арттыруға, жұмыспен қамтуды кеңейтуге, еліміздің өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін нығайтуға ықпал етеді.

Өңдеу өнеркәсібінде өсім бар

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі штабтың кезекті отырысында биылғы қаңтар–наурыздағы әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамды көрсеткіші қаралды.

Алдын ала дерекке сүйенсек, қаңтар–наурыз айларының қорытындысында өңдеу өнеркәсібінде 6% деңгейінде өсім болуға тиіс. Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес бірқатар салада тұрақты оң динамика сақталып отыр. Мәселен, жеңіл өнеркәсіп – 156,4%, дайын металл бұйымы – 131,4%, жиһаз өндірісі – 127,6%, құрылыс материалы өндірісі – 127,4%, машина жасау – 115,5%.

Көлік министрлігінің хабарлауынша, есептік кезеңде көлік саласының өсуі 109% деңгейінде деп бағаланған. Көрсетілген қызметтің жалпы көлемі – 2,8 трлн теңге. Бұл өткен жылғыдан 14,3% жоғары.

Оң динамика тасымалдау көлемінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілген. Осылайша, жалпы жүк тасымалдау көлемі 7,9%, жолаушыларды барлық көлік түрімен тасымалдау 11,0%-ға дейін өсті. Жүк айналымы 153,7 млрд тонна-шақырымға, жолаушылар айналымы 22,8 млрд жолаушы-шақырымға жетті.

Жедел деректерге сәйкес биылғы үш айда жүкті темір жол көлігімен тасымалдау көлемі 78,3 млн тонна болған. Бұл былтырғы сәйкес кезеңнен 3,6% артық. Тасымалдарды санаттарға бөліп қарастырсақ, ел ішіндегі тасымал 40,8 млн тонна, экспорт 22,8 млн тонна, импорт 5,6 млн тонна, транзит 9,1 млн тоннаны құрады.

Экспорт құрылымында көмір, астық, тыңайтқыш, құрылысқа қатысты жүктер, қара металл, сондай-ақ басқа да жүк (оның ішінде құрама жем, өсімдік майы, асбест) тасымалының өскені байқалады. Сонымен қатар республика ішіндегі қатынаста көмір, мұнай өнімі, астық, химикат тасымалы артқан.

Отырысты қорытындылай келе, Серік Жұманғарин салалық мемлекеттік органдарға экономикалық өсімнің қосымша резервін анықтауды, оның ішінде мемлекеттік қолдау құралын пайдалану жөніндегі жұмысты жандандыруды тапсырды.

«Бізге қосымша өнім шығару немесе жаңа тұрғын үйді пайдалануға беру арқылы болса да өндіріс пен қызмет көлемін нақты ұлғайту қажет. Керек болған жағдайда мемлекет мұндай бастамаларды, оның ішінде, субсидиялау тетігі арқылы да қолдауға дайын», деді вице-премьер.

Жоғары деңгейдегі әріптестік

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр ҒФР Сыртқы істер министрлігінің Еуропа бойынша статс-министрі Гюнтер Крихбаумды қабылдады.

Кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың әлеуеті мен ағымдағы жағдайы туралы талқылады.

Сонымен қатар Қазақстан мен Германия арасындағы диалогті нығайтуға бағытталған бірлескен күш-жігерді үйлестіру мәселелері де қарастырылды.

«Орталық Азия – Германия» форматы және басқа да халықаралық алаңдар шеңберінде тығыз ықпалдастықты жалғастыруға дайындық құпталды.

Германия дипломаты жылы қабылдау үшін алғысын білдіріп, екі ел арасындағы әріптестікті одан әрі нығайту мақсатында бар күш-жігерін салуға дайын екенін растады.

Бағаны өсіруге негіз жоқ

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серик Жұманғариннің төрағалығымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының қазіргі жағдайы қаралды.

Инфляцияның баяулау үрдісі алты ай қатарынан сақталып отыр. Былтырғы қыркүйектегі 12,9%-дан биылғы наурыз айында 11,0%-ға дейін төмендеді. Реттелетін қызметтер саласында бұл нәтиже табиғи монополия субъектілерінің операциялық шығындарын оңтайландыру есебінен қамтамасыз етілді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын (31 атау) өндірушілерге бағаны тұрақтандыру мақсатында электр энергиясы мен теміржол тасымалдары тарифтерін 70%-ға дейін төмендету шаралары қарастырылған.

Наурыз айында жылдық азық-түлік инфляциясы 11,7%-ды құрап, 1%-дық тармаққа төмендеді. Сәуірдің бірінші аптасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының орташа өсім индексі нөлдік деңгейде сақталды (былтырғы сәйкес кезеңде – 1,6%). Қияр (-9,7%), пияз (-2,3%), қырыққабат (-1,7%) бағасының төмендеу үрдісі жалғасып жатыр. Сонымен қатар балық (-0,7%), қызанақ (-0,6%), ұн мен күнбағыс майы (-0,2%) және өзге де азық-түлік тауарлары арзандады.

Бағаны одан әрі тұрақтандыру мақсатында Сауда және интеграция министрлігі Мал шаруашылығы одағымен меморандумға қол қою мәселесін пысықтап жатыр. Құжат жыл соңына дейін ет өнімдерінің белгілі бір тобына шекті бағаларды белгілеу есебінен ішкі нарықты сауда желілері арқылы қамтамасыз етуді көздейді.

Маусымаралық кезеңде ішкі нарықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан делегациясының Өзбекстан Республикасына жұмыс сапары ұйымдастырылды. Делегация құрамына Сауда және интеграция министрлігінің, облыс әкімдіктерінің, сондай-ақ ірі сауда желілерінің өкілдері кірді.

Сапар барысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізбесіне кіретін жеміс-көкөніс өнімдерін өндіретін әрі экспорттайтын жетекші өзбек кәсіпорындарымен екіжақты келіссөздер жүргізілді. Онда еліміздің ішкі нарығына экспортты ұлғайту мәселесіне баса назар аударылды. Сонымен қатар делегация Сурхандария облысының бірқатар ауданын аралап, өнімді өсіру, жинау, буып-түю, сақтау жұмысымен танысты. Өнім сапасының жоғары екені айтылып, оны отандық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында қосымша калибрлеу қажеттігі көрсетілді.

Келіссөздер барысында логистиканы ескере отырып, еліміздің көтерме нарығындағы бағадан төмен бағамен жаңа өнімнен 1,4 мың тонна сәбіз, 400 тонна қырыққабатты пилоттық жеткізу жөнінде алдын ала келісімдерге қол жеткізілді. Өнім сапасын бақылауды өзбек тарапы жүзеге асырады. Ал жеткізу елдегі тасымалдаушының қатысуымен «жасыл дәліз» тетігі арқылы ұйымдастырылады. Сонымен қатар тараптар екіжақты тауар айналымын одан әрі кеңейту перспективаларын, оның ішінде импортқа қажетті тауарлар тізбесін қалыптастыру мәселелерін талқылады.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, қазір өңірлік тұрақтандыру қорларында былтырғы көкөніс өнімдерінің жалпы көлемі 29,5 мың тоннаны құрайды. Сонымен қатар жалпы көлемі 13,1 мың тонна ерте пісетін көкөністер бойынша келісімшарттар жасалып жатыр. Оның ішінде 10,8 мың тоннасы – Түркістан облысы фермерлерінің өнімі. Бұл ішкі сұранысты отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етуге жол ашады.

Туристік нысандардың дайындығы тексерілді

Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Алматы облысындағы туристік нысандардың жазғы маусымға дайындығын тексерді.

Ұлболсын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Жұмыс сапарына орталық мемлекеттік органдардың, Үкімет аппаратының өкілдері, сондай-ақ Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысты.

Тексеру барысында Қонаев қаласындағы коммуналдық жағажайлар мен «ASP Arena» көпфункционалды кешені қаралды. Облыс әкімдігі мен бейінді қызметтер санитарлық дайындық, қауіпсіздік шаралары, медициналық, құтқару мен құқық қорғау қызметтерінің жұмысы, сондай-ақ демалушыларға қолайлы жағдай жасау жөнінде баяндады.

Аида Балаева нысандардың толық дайындығын дәл қазірден бастап қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударды. Сонымен қатар халықпен уақытылы түсіндіру жұмысын жүргізудің, судағы қауіпсіздікті, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, қоғамдық тәртіпті сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен бірге барлық жағажайлар мен демалыс аймақтары әкімдіктердің қарауында емес екені де арнайы айтылды. Осыған байланысты вице-премьер жекеменшік нысандардың иелері де тазалыққа, қоғамдық тәртіпке, инфрақұрылымның жай-күйіне, сондай-ақ ең алдымен адамдардың судағы қауіпсіздігіне толық жауапкершілікпен қарауға тиіс екенін айтты. Облыс әкімдігіне демалыс аймақтары иелерінің атына қауіпсіздікті қамтамасыз ету, санитарлық талаптарды сақтау мен жазғы маусым кезеңінде жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар қамтылған тиісті хабарламалар әзірлеу тапсырылды.

Бұдан бөлек, Туризм және спорт министріне туристік нысандар иелері мен жеке компаниялардың қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етуіне, қауіпсіздік талаптарын сақтауына, белгіленген нормаларды орындауына қатысты жауапкершілігін реттейтін құқықтық тетіктерді пысықтау жүктелді. Жекеменшік демалыс аймақтары азаматтар мен мемлекет алдындағы тиісті жауапкершіліксіз тек коммерциялық қызметпен шектелмеуге тиіс екені баса айтылды.

Премьер-министрдің орынбасары туристік аймақтарда жұмыс істейтін қоғамдық тамақтану орындары мен өзге де сервистік нысандар қызметінің заңдылығын бақылау қажеттігіне де айрықша көңіл бөлді. Уәкілетті органдар еңбек заңнамасының сақталуын, қызметкерлермен, оның ішінде жұмысқа тартылатын жастармен, студенттермен жасалған еңбек шарттарының болуын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуын ұдайы тексеруі қажет. Азаматтардың құқықтары толық көлемде сақталуға тиіс. Бұл демалушылардың да, жергілікті тұрғындар мен қызметкерлердің де құқықтарына бірдей қатысты.

Сонымен қатар көлік логистикасы, автотұрақтардың жеткіліктілігі, жол қозғалысын ұйымдастыру, жаппай демалыс орындарындағы көлік ағынын реттеу мәселесі де көтерілді. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік талаптарын бұзуға қатаң әрекет ету қажеттігі де айтылды. Аида Балаева барлық белгіленген талаптар мүлтіксіз сақталуға тиіс екенін, ал құқық бұзушыларға қатысты шаралар уақтылы әрі заңнамаға сәйкес қабылдануы қажет екенін атап өтті.

«Таза Қазақстан» идеологиясы жай ұран болып қалмай, туристік нысандардың жай-күйінен көрініс табуы керек. Ол тазалықтан, тәртіптен, кеңістіктің түсінікті ұйымдастырылуынан, ортақ демалыс орнына деген құрметтен байқалуға тиіс. Ал «Заң мен тәртіп» қағидаты барлық қызметтің нақты әрі үйлесімді жұмысынан, қауіпсіздік талаптары мен қоғамдық тәртіп нормаларын бұзғандарға қатысты шаралардың бұлтартпай қолданылуынан көрінуі қажет», деді А.Балаева.

Жұмыс сапарының қорытындысында Премьер-министрдің орынбасары аумақтардың санитарлық жағдайын күшейтуді, инфрақұрылым мен қауіпсіздік қызметтерінің дайындығын қамтамасыз етуді, халықпен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жандандыруды, сондай-ақ коммуналдық және жекеменшік демалыс нысандарына жүйелі бақылау орнатуды тапсырды. Сонымен бірге заңдылықтың сақталуына, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғалуына, меншік иелерінің қауіпсіздік, тәртіп пен көрсетілетін қызмет сапасы үшін жауапкершілігіне ерекше мән берілді.

Алматы облысы

Жер берудегі заманауи формат

Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінде «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» заң жобасына қатысты жұмыс тобының кеңейтілген отырысы өтті. Жиынның негізгі тақырыбы ауыл шаруашылығы жерлерін беру тетігін электрондық конкурстарға көшіруге бағытталған түзетулерге арналды.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Нұржан Әшімбетов түзетулер Үкімет тарапынан Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырманы орындау аясында әзірленгенін еске салды.

Отырыс кезінде үкіметтік түзетулерді Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов таныстырды. Оның айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер ауыл шаруашылығы жерлерін беру тетігін цифрлық форматқа көшіруді көздейді және рәсімдердің ашықтығын арттыруға бағытталған. Атап айтқанда, Жер кодексінің бірқатар нормалары жаңа редакцияда ұсынылады.

«Түзетулердің негізгі мақсаты – жер комиссияларының функцияларын жою және толықтай электрондық форматқа көшу арқылы ауыл шаруашылығы жерлерін бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету. Бұл ретте Кодекстің негізгі нормалары сақталады. Кодексте бұрынғысынша жер пайдаланушылардың базалық міндеттері қарастырылады, ол сондай-ақ балл түріндегі қосымша артықшылықтардың берілуіне кепіл болады», деді вице-министр.

Конкурстарды мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өткізу жоспарланып отыр. Барлық рәсім өтінім беруден бастап, жеңімпазды айқындауға дейін толық автоматтандырылады.

Жаңа тетік конкурстарды өткізу мерзімін 90 күннен 45 күнтізбелік күнге дейін қысқартуды, конкурсқа бизнес-жоспар мен ұсыныс әзірлемей-ақ проактивті форматта қатысуды, сондай-ақ жеңімпазды автоматтандырылған жүйе арқылы айқындауды көздейді. Бұдан бөлек, «қосымша жеңімпаз» тетігі енгізіліп, жалға алу шартын жасасудан жалтарған тұлғаларға шектеулер белгіленеді.

Талқылау барысында депутаттар ұсынылып отырған нормаларды іске асыруға қатысты бірқатар тәжірибелік мәселені көтерді. Атап айтқанда, заң жобасындағы терминологияны нақтылау, жер санаттарын бағалау, учаскелердің кадастрлық құнын өзгерту мәселелері қаралды. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың конкурстар өткізуге дайындығы, оның ішінде инфрақұрылымның, кадрлық әлеуеттің және цифрлық платформаның әзірлік деңгейі, сондай-ақ жаңа тетікті енгізу кезіндегі ықтимал сын-қатерлер мен шектеулер талқыланды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығының маусымдық жұмысы ескеріле отырып, конкурс мерзімін қысқарту, балл беру тәртібі және «бастаушы кәсіпкер» ұғымын айқындау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Отырысқа Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдар, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, салалық ұйымдары және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

Мемлекеттік билік тарихы туралы анықтамалық

Президент архивінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары» атты анықтамалық жарық көрді. Үш жылдан аса уақыт бойы дайындалған еңбекте елдің тәуелсіздік жылдарынан бастап бүгінгі институционалдық реформаларға дейінгі мемлекеттік басқару құрылымының эволюциясы қамтылған.

Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Құжаттық хроника 800 беттен, үш тараудан тұрады. Президент архивінің директоры Әлия Мұстафина басылым архившілер мен ғалымдардың бірнеше жылдық еңбегінің нәтижесі екенін атап өтті.

«Құжаттық тұрғыдан тексерілген, шынайы ақпарат көзі бола алатын анықтамалық басылымды дайындау жұмысы бірнеше жылға созылды. Мұнда тек 1991 жылдан бергі мемлекеттік мекемелердің тарихы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқару институттарының эволюциясы, саяси шешімдер қабылдау тетігі мен алгоритмінің көрінісі берілген. Басылымның елде баламасы әлі жоқ деп нық сеніммен айта аламын. Бұл – Президент архивінде қызмет ететін архивші-практиктер мен ғалымдардың шығармашылық одағының, түрлі мемлекеттік орган өкілдерінің еңбегінің нәтижесі», деді Ә.Мұстафина.

Анықтамалық – Президент архиві дайындаған серияның төртінші басылымы. Бұған дейін 2004, 2007, 2012 жылдары үш нұсқасы жарық көрді. Жаңа басылым барлық алдыңғы буындарды біріктіріп, 1991–2024 жылдар аралығындағы кезеңді қамтиды.

«Басылымның ерекше құндылығы – Президент архивінің қорлары. Мемлекеттік органдардың құрылуы, қызметі, құрылымы, өкілеттіктері, сондай-ақ қайта ұйымдастырылуы немесе жойылуы туралы қысқаша, бірақ тарихи дерегі нақты, ведомстволардың бағыныстылығы мен ішкі құрылымындағы өзгерістері толық берілді. Мұндай жинақты көпшілікке жүйелі түрде үлкен тиражбен қазақ, орыс тілінде бірінші рет жинап отырмыз», деді Президент архиві директорының орынбасары Қайрат Әлімғазинов.

Кітап таныстырылымына мемлекеттік органдар мен ғылыми қауымдастық өкілдері қатысты. Соның ішінде Мәжіліс депутаты Еркін Әбіл, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Әлібек Ахмедьяр, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Азамат Жолманов бар. Олар басылымға жоғары баға берді.

Саяси ғылымдар докторы, профессор Жомарт Симтиков анықтамалықтың атқарушы билік органдары тарихына ғылыми бағытталған навигатор рөлін атқаратынын айтты.

«Бұл жинақ ғылыми мәнге ие, себебі ол мемлекеттік басқару тарихына қатысты жүйеленген құжаттар массивін ғылыми айналымға енгізеді, әкімшілік реформалардың тарихын зерттеуді дамытады, саяси тарих, құқықтану, архивтану саласында эмпирикалық база бола алады,» деді сарапшы.

Былтыр Президент архиві алты құжат жинағын, «Жаңа архив» журналының төрт санын оқырман назарына ұсынды. Тәуелсіздік жылдары Архив ел тарихындағы маңызды оқиғаларға арналған шамамен 90 құжаттық басылымды дайындаған. Олардың қатарында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардан бастап елдің қазіргі даму кезеңіне дейінгі деректер бар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1 <

3) 26-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасындағы «жұмыс беруші» деген сөздер «еңбек қызметін жүзеге асыруға жергілікті атқарушы органдардың рұқсатын алу талап етілмейтін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын адамдар тізбесіне енгізілген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоспағанда, жұмыс беруші» деген сөздермен ауыстырылсын.

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Егер азаматтық-құқықтық шартта еңбек шартының осы Кодекстің 27-бабында көзделген ерекше белгілерінің ең болмағанда біреуі болса, жеке тұлғамен осындай шартты жасасуға жол берілмейді.

Еңбек шартының осы Кодекстің 27-бабында көзделген бір немесе бірнеше ерекше белгісін қамтитын шарт тараптардың оны нақты қалай атайтынына қарамастан, еңбек шарты деп танылады және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес құқықтық салдарға алып келеді.»;

4) 32-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы «немесе пана іздеген адамның куәлігі» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 52-баптың 1-тармағының 13) тармақшасындағы «, сондай-ақ» деген сөз «және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 54-баптың 2-тармағында:

«жалғызілікті аналармен» деген сөздер «жалғызбасты ата-анамен» деген сөздермен ауыстырылсын;

«анасыз» деген сөз «ата-анасыз» деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 68-баптың 4-тармағының бірінші бөлігінде:

«жалғызілікті аналарға» деген сөздер «жалғызбасты ата-анаға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«анасыз» деген сөз «ата-анасыз» деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 75-бап мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Мереке және демалыс күндері жұмыс істелген сағаттарды қоспағанда, жұмыс уақытын жиынтық есепке алу кезінде есептік кезең үшін үстеме сағаттар нақты жұмыс істелген сағаттар мен жұмыс уақытының теңгерімі бойынша есептік кезеңдегі сағаттар нормасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.»;

9) 111-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

10) 157-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігінің 9) тармақшасындағы «туралы ережелер енгізіледі.» деген сөздер «туралы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) ұйымдағы тиісті кәсіп, лауазым бойынша жалақының ең жоғары және ең төмен мөлшерлері арасындағы жол берілетін арақатынас туралы;

11) ұйымда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары туралы;

12) жәрдемақылар мен өтемақы төлемдерін, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде жәрдемақылар мен өтемақы төлемдерін төлеу туралы ережелер енгізіледі.»;

2-тармақтың 17) тармақшасы алып тасталсын;

11) 159-баптың 3-тармағында:

екінші бөлік «регламенті,» деген сөзден кейін «келісу комиссиясының жұмысына тәуелсіз делдалды тарту және оған қатысу тәртібі,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Келісу комиссиясының жұмысына делдалдың қатысуы жөніндегі ұсынысты екінші тарап екі жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Делдалдар тартылған барлық жағдайда олардың делдалдық етуге жазбаша келісімі алынуға тиіс.»;

12) 166-баптың 7-тармағы «кезде,» деген сөзден кейін «осы Кодекспен және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

13) 172-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қызметін тоқтата тұру ауыр және қауіпті салдармен байланысты болатын және (немесе) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдар үшін ереуіл өткізу кезеңіндегі қажетті жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ең аз көлемі (бұдан әрі – қажетті жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ең аз көлемі):

өндірістік процестердің үздіксіздігін;

технологиялық жабдықтың, қондырғылар мен техникалық құралдардың іркіліссіз және қауіпсіз жұмысын;

осындай объектілерге техникалық қызмет көрсету, өндірістік бақылау мен олардың тұрақты және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі функциялардың орындалуын қамтиды.»;

14) 174-бап мынадай мазмұндағы екінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

«Ереуіл тоқтатыла тұрған жағдайда жұмыскерлер назарына тиісті шешім жеткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей жұмысқа қайта шығуға міндетті.»;

«Қызметін тоқтата тұру ауыр және қауіпті салдармен байланысты болатын және (немесе) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдарда жұмыс беруші мен жұмыскерлер ереуіл кезеңінде қажетті жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ең аз көлемін қамтамасыз етуге міндетті.

Қажетті жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ең аз көлеміне кіретін жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ оларды орындауға (көрсетуге) тартылатын жұмыскерлердің тізбесі жұмыс берушінің актісінде айқындалады.

Жұмыс беруші қажетті жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ең аз көлемін орындауға (көрсетуге) тартылатын жұмыскерлерді осындай жұмыстарға олардың тартылатыны туралы алдын ала хабардар етуге міндетті.

Қажетті жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ең аз көлемін тікелей орындайтын (көрсетілетін жұмыскерлер аталған жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындайтын (көрсететін) кезеңде ереуілге қатысуға құқылы емес.»;

15) 175-баптың 1-тармағында:

«(осы Кодекстің 176-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда)» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аталған кепілдік осы Кодекстің 176-бабының 1-тармағына сәйкес заңсыз болып табылатын ереуілдерді ұйымдастыру немесе оларға қатысу жағдайларына қолданылмайды.»;

16) 176-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақшадағы «қауіпті өндірістік объектілер болып табылатын ұйымдарда;» деген сөздер алып тасталсын;

2-1) тармақшада:

«салдарлармен байланысты болатын» деген сөздер «салдармен байланысты болатын және (немесе) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін» деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

«объектілерде» деген сөз «объектілерді пайдаланатын ұйымдарда» деген сөздермен ауыстырылсын;

«негізгі жабдықтардың, механизмдердің үздіксіз жұмысы» деген сөздер «қажетті жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ең аз көлемі» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «ескерілмей жарияланған» деген сөздер «бұзыла отырып жарияланған немесе өткізілген» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 182-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы «диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдермен» деген сөздер «диеталық емдік және диеталық профилактикалық тамақ өнімдерімен» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 184-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Жұмыс беруші қауіпсіз еңбек жағдайларын тиісінше жасамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.»;

19) 187-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы «адамның» деген сөзден кейін «жұбайын (зайыбын) немесе» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасындағы «объектілерде» деген сөз «объектілерді пайдаланатын ұйымдарда» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 188-бапта:

5-тармақтағы «объектідегі» деген сөз «объектілерді пайдаланатын ұйымдағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 1) тармақшасындағы «объектілерде» деген сөз «объектілерді пайдаланатын ұйымдарда» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Комиссияның жұмысына жұмыскердің ерік білдіруі бойынша, ал ол қайтыс болған жағдайда – жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының ерік білдіруі бойынша жұмыскерге, ал ол қайтыс болған жағдайда – жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң көмегін көрсететін адвокат немесе заң консультанты оның өкілі ретінде дауыс беру құқығынсыз қатысуға құқылы.»;

21) 188-1-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Комиссияның жұмысына жұмыс берушімен немесе зардап шеккен адаммен тиісті шарттық қатынастары бар сақтандыру ұйымының өкілі қатысуға құқылы.

Комиссияның жұмысына жұмыскердің ерік білдіруі бойынша, ал ол қайтыс болған жағдайда – жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының ерік білдіруі бойынша жұмыскерге, ал ол қайтыс болған жағдайда – жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң көмегін көрсететін адвокат немесе заң консультанты оның өкілі ретінде дауыс беру құқығынсыз қатысуға құқылы.»;

22) 190-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінде:

«өрескел абайсыздық» деген сөздер «зардап шеккен адамның өрескел абайсыздығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«тараптардың сабақтас жауаптылығын қолданады және жұмыскер мен жұмыс беруші кінәсінің дәрежесін пайызбен айқындайды» деген сөздер «зардап шеккен адам кінәсінің дәрежесін пайызбен, бірақ жиырма бес пайыздан асырмай белгілейді» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы «объектілерде» деген сөз «объектілерді пайдаланатын ұйымдарда» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 192-баптың екінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өтініштерін, арыздарын және шағымдарын» деген сөздер «жұмыскерлердің, жұмыс берушілер мен олардың өкілдерінің жолданымдарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 194-баптың 4) тармақшасындағы «жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өтініштерін» деген сөздер «жұмыскерлердің, жұмыс берушілер мен олардың өкілдерінің жолданымдарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 198-баптың 1-тармағы «жұмыс берушінің», «жұмыс беруші» деген сөздерден кейін тиісінше «немесе жұмыскердің», «немесе жұмыскер» деген сөздермен толықтырылсын;

26) 202-баптың 3-тармағы «міндеттерді» деген сөзден кейін «ұйымның бірінші басшысына тікелей бағынатын» деген сөздермен толықтырылсын.

2. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

7-бап мынадай мазмұндағы 98-1) тармақшамен толықтырылсын:

«98-1) өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесін айқындау қағидаларын бекітеді;»

3. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1) 12-баптың 5) тармақшасы мынадай мазмұндағы отыз бірінші абзацпен толықтырылсын:

«арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар желісінің нормативін;»;

2) 101-баптың 4-тармағы «адамдар үшін» деген сөздер «адамдар үшін –» деген сөздермен ауыстырылып, «режиміндегі» деген сөзден кейін «, он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адамдар үшін – икемді жұмыс уақыты режиміндегі» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 208-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы «ананың» деген сөзден кейін «немесе жұмыс істемейтін әкенің (ол іс жүзінде күтімді жүзеге асырған кезде)» деген сөздермен толықтырылсын.

4. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 1-тармағының 12-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12-2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әзірленген «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

2) 27-баптың 1-тармағының 23) тармақшасы алып тасталсын.

5. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 28-баптың 1-тармағының 27) тармақшасындағы «активтер салаларындағы жекелеген қызмет түрлері немесе әрекеттер (операциялар) жатады.» деген сөздер «активтер;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

«28) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер салаларындағы жекелеген қызмет түрлері немесе әрекеттер (операциялар) жатады.»;

2) 1-қосымшаның 88-жолының 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«1) I кіші түр – стационар жағдайларында:

мүгедектігі бар балаларға;

он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға;

жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмайтын адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

2) II кіші түр – жартылай стационар жағдайларында:

мүгедектігі бар балаларға;

он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға;

жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмайтын адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

3) III кіші түр – уақытша болу жағдайларында:

белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға;

қатыгездікке ұшыраған құрбандарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

4) IV кіші түр – үйде күтім жасау жағдайларында:

мүгедектігі бар балаларға;

он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға;

жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмайтын адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыру.».

6. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

16-баптың 3-тармағының 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 7 сәуір
№ 277-VIII ҚРЗ

АТА ЗАҢ

Құқықтық мемлекет қағидаттарының арқауы

1 <

Діннің мемлекеттен бөлінетіні және қоғамның адамгершілік болмысын қорғау мәселесі де назардан тыс қалмады. Сол сияқты әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты насихаттауға жол берілмейтіндігі нақтыланды. Ендеше, референдумда мақұлданған Конституцияда жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету мәселесін толыққанды ескерілді деуге толық негіз бар. Онда халықты ұйыстыруға және Қазақстанның серпінді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған барлық негізгі қағидаттар мен құндылықтар қамтылған. Өйткені біртұтас Қазақстан халқының осы ел мен жерге деген жауапкершілікті өз мойнына алуы бірлік ұғымына жаңаша мазмұн-мағына беріп, оның жасампаз отаншылдық түсінігімен үндестігі айқын көрініс тапқаны анық.

Жаңа Ата заң – инновациялық, яғни жаңа әрі кәсіби тұрғыда әзірленген, жан-жақты және ашық түрде сараптамадан өткен құжат. Құрамына еліміздің барлық әлеуметтік топтары мен өңірінің өкілдері, мамандар кірген, 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия барлық ұсынысты жүйелеп, саралаудан өткізді. Жаңа Конституцияны қоғамдағы алуан түрлі көзқарастардың жиынтық көрінісі деуге әбден болады. Бұл – осыған дейін қолға алынған өзгерістердің заңды жалғасы.

Бірінші кезекте адам құқықтарының Конституцияның арқауына айналғанын атап өткен жөн. Өйткені бас құжаттың преамбуласында адам құқықтары мен бостандықтары ең басты құндылық ретінде алғаш рет айқын жарияланып отыр. Бұл азаматтық қоғам мен жеке тұлғаның құқықтарын қорғаудың жаңа конституциялық негізін қалыптастырады. Екіншіден, билік жүйесінің қайта құрылуын бұрынғы қос палаталық Парламент моделінің орнына бір палаталы Парламент – Құрылтайдың енгізілуінен көруге болады. Бұл өзгеріс мемлекеттік билік жүйесін жеңілдетіп, оның жұмысының тиімділігін арттырып, шешім қабылдау үдерістерін үйлестіретін ықпалды құрылым құруға бағытталған. Үшіншіден, Ата заң құқықтық мемлекет қағидаттарының күшеюіне, азаматтардың әділ құқықтық қорғанысқа ие болуына және цифрлық құқықтың дамуына кепілдік береді. Төртіншіден, қоршаған орта және әлеуметтік жауапкершілік мәселесін шешу конституциялық деңгейде мемлекеттің басты міндетіне айналмақ. Бесіншіден, инновациялар, білім, ғылым және мәдениетке басымдық беріліп, стратегиялық бағыт ретінде Негізгі заңда көрініс тапқан.

Жаңа Ата заңның артықшылықтарына келер болсақ, онда құқықтық қауіпсіздік пен болжаушылық саласында заңдардың тұрақтылығын, заң үстемдігін күшейтуге ерекше назар аударылған. Конституцияда мемлекет билігінің әрекеттерін нақты заңды шеңберлермен шектеп, азаматтардың құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нормалар енгізілген. Бұл бизнестің, шетелдік инвесторлардың сенімділігін арттыруға септігін тигізеді. Сол сияқты Ата заңда этносаралық және конфессияаралық үйлесімділік қағидалары мемлекеттік идеология деңгейінде қарастырылып, оның әлеуметтік тұрақтылық пен азаматтық келісімді бекемдеудегі рөлін көтеруге көңіл бөлінген. Ал Конституциядағы азаматтық қатысу мен демократиялық институттарға қатысты тұстарынан азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуын кеңейту, жаңа институттар құру арқылы халық пен биліктің қарым-қатынасын жақсарту мақсатын аңғару қиын емес.

Ата заң – халықтың еркіне негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа сапалы моделін қалыптастыруға бағытталған қоғамдық келісім іспеттес. Онда адам капиталы, білім мен ғылым стратегиялық тармақ ретінде анықталып, инновациялық экономиканы дамытуға құқықтық негіз жасалған. Сонымен қатар халықаралық құқық нормаларына сәйкес серпінді саясат жүргізуге көңіл бөлінген. Бұл елдің экономикалық және әлеуметтік даму стратегиясын конституциялық деңгейде бекітуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, аталған институттық реформалар билік тармақтарының өзара іс-қимыл жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін жаңа белеске көтеруге негізделген. Бұл өзгерістердің өзегінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырып, бұқараның мұңмұқтажын биік мінберлерде жеткізетін пәрменді қоғамдық институттарды қалыптастыру мақсаты тұр. Осы арқылы азаматтардың ертеңгі күнге деген нық сенімін оятып, қоғам мен билік арасындағы сындарлы диалогті нығайту көзделіп отыр. Сонымен қатар Ата заңымызда халықаралық интеграция мен жаһандық жауапкершілік қағидаттарына басымдық берілген. Елдің сыртқы саяси бағыты бейбітшіліксүйгіш, прагматикалық және халықаралық құқықтың іргелі нормаларына негізделген бағдар ретінде айқындалды. Бұл – конституциялық түзетулер Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін асырып, геосаяси кеңістіктегі рөлін нығайтуға, сондай-ақ ұлттық мүдделерімізді жаһандық деңгейде қорғауға бағытталған стратегиялық қадам.

Республикалық референдум негізінде қабылданған жаңа Конституция – еліміздің құқықтық, саяси және әлеуметтік келбетін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған кешенді реформалардың алтын қазығы. Бұл тарихи құжаттың басты ерекшелігі – адам құқықтары мен заң үстемдігі қағидаттарын мемлекеттіліктің мәйегі ретінде бекітіп, билік институттарын заман талабына сай қайта құрылымдауында жатыр. Сонымен қатар Ата заңда ғылыми-инновациялық даму қағидаттарына басымдық беріліп, мемлекетіміздің болашаққа бағытталған стратегиялық тұғырлары мен алдыңғы қатарлы даму моделі айшықталды. Аталған стратегиялық мақсаттар Қазақстанның XXI ғасырдағы орнықты даму траекториясын қалыптастыруды көздейді. Сондықтан бұл Конституция елдің саяси жүйесін жаңартып қана қоймай, әділетті қоғам мен дамыған мемлекет құрудың берік құқықтық кепіліне айналды.

Жапсарбай ҚУАНЫШЕВ,
қоғам қайраткері

Қаржыны тиімді басқару жоспары бекітілді

Таяуда Жоғары аудиторлық палатасы Қостанай облысында мемлекеттік ресурстардың пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижесін жариялады. Қорытындыға қарағанда, облыста жалпы өңірлік өнім өсімі тіркелгенімен, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері әлі де тұрақты сипат ала қоймаған.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Осыған орай облыс әкімі Құмар Ақсақалов арнайы кеңес өткізіп, аудиторлар сынға алған сала басшыларының есебін тыңдады. Жиында аталған тексеріс нәтижелері талқыланып, ревизия көрсеткен кемшіліктерді жедел жою жөнінде іс-шаралар жоспары бекітілді.

Аудиторлық тексеріс қорытындысы нәтижесінде өңірде көлемі 51 млрд теңге болатын қаржылық бұзушылық анықталған. Сондай-ақ 50 млрд теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланып, пайдаланылған. Ревизорлар 52 дерек бойынша әкімшілік іс қозғау керек деп ұйғарған.

Негізі мұндай қаржыны басқару, оны жоспарлаудағы олқылықтар тиісті органдар деңгейінде ғана қаралып, оған тәжірибесі мол, қаржылық білімі бар кәсіби мамандардың баға бергені дұрыс сияқты. Әйтпесе Жоғары аудиторлық палата жария еткен тексеріс қорытындысы қамысқа тиген өрттей әсер етіп, әлеуметтік желіде еш нәрсенің байыбына бармастан байбаламға басатындар көбейді. Қара аспанды төндіріп, төбеден қара тас жаудыртып жатқандар да аз емес. Бүгінгідей мың құбылған нарық жағдайында мол инвестиция тартылып, жүздеген ірі жоба іске асырылып жатқан қуатты өңірде ел игілігіне жұмсалатын қыруар қаржыны қалтқысыз басқарудың оңай емес екенін түсіндіріп, байыпты пікір білдіріп, көпке басу айтып жатқан байсалды азаматтар да баршылық.

Аудиторлар көрсеткен 51 млрд теңге қаржылық бұзушылықтың 45 млрд теңгесі облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына тиесілі. Жергілікті шаруашылықтар 2023 жылдан бері өздеріне тиесілі мемлекеттік субсидияға қол жеткізе алмай келеді. Аталған соманың елеулі бөлігі осы берешектен пайда болып отыр.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ибрагим Бекмұхамедовтің айтуынша, тексеріс барысында тыңайтқыштарды субсидиялау бағдарламасы бойынша қаржыны тиімсіз жоспарлау анықталған. Сондай-ақ отандық тыңайтқыш өндірушілердің шоттарына аванстық төлемдер аудару деректері тіркелген.

«Мәселен, 2024 жылы отандық өндірушілерге 6,7 млрд теңге аударылды, оның ішінде 5,2 млрд теңге игерілсе, 1,4 млрд теңге бюджетке қайтарылды. 2025 жылы 6,5 млрд теңге бағытталды, оның 3,1 млрд теңгесі ғана игерілген. Біз бюджетті ауылшаруашылық тауар өндірушілері жасаған шарттармен расталған қажеттілікке сүйеніп жоспарлаймыз. Алайда тыңайтқыш сатып алуда ауылшаруашылық құрылымдарының белсенділігі төмен болды. Соның салдарынан қаражатты игеру деңгейі жоспардағыдай болмай шықты да, игерілмеген қалдық пайда болды. Бұл қаржы кейіннен өзге де субсидиялау бағдарламаларына бөлініп, республикалық бюджетке қайтарылды. Сондай-ақ тексеріс барысында субсидияланған мал басының сақталуына қатысты міндеттемелердің бұзылғаны анықталды. Мал басын көбейтуге, асылдандыруға субсидия алған 54 шаруашылық жалпы көлемі 52,6 млн теңгені құрайтын бұзушылыққа жол берген. Аталған шаруашылықтарға 2026 жылғы 30 наурызға дейін қаражатты ерікті түрде қайтару туралы хабарламалар жолданды. Бүгінде 27 шаруашылық 8,5 млн теңге көлеміндегі қаражатты қайтарды. Қалған 27 шаруашылыққа қатысты 44,1 млн теңге сомасына талап-арыз дайындап қойдық. Инвестициялық субсидиялау бағыты бойынша да 31,4 млн теңге қаржылық бұзушылық анықталды. «Сарыағаш», «Терра», «Семейкин» тәрізді шаруашылықтар аудит барысында толық қалпына келтірілді. Жалпы алғанда, анықталған фактілер салада олқылықтар бар екенін көрсетеді. Ауыл шаруашылығы басқармасы аталған ескертулермен келіседі. Қазір кемшіліктерді жою бойынша тиісті жұмысты жүргізіп жатырмыз», деді басқарма басшысы.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялықдаму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Талғат Саламатовтың айтуынша, Жоғары аудиторлық палатаның есебінде өңірдің инвестициялық белсенділігі төмен екені, өткен жылы жоспарланған 8 инвестициялық жобаның алтауы жүзеге аспай қалғаны анықталған.

«Бұл мәселе бойынша мына жайтты ескерген жөн: өңірде негізгі капиталға тартылып жатқан инвестициялар жылдан-жылға еселеніп келеді. 2025 жылы облысқа 792,9 млрд теңге инвестиция тартылды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 23,8%-ға жоғары. Былтыр тікелей шетелдік инвестициялар ағыны 570 млн долларды құрады, бұл да 2024 жылғы көрсеткіштен 37,6% жоғары. Өңірде көптеген инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Мәселен, 2025 жылы жалпы сомасы 304,3 млрд теңгені құрайтын 6 инвестициялық жоба жоспарланды. Нәтижесінде, 3,2 мың жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Оның ішінде машина жасау саласында 294,3 млрд теңгеге 4 жоба, жеңіл өнеркәсіпте құны 6,5 млрд теңге болатын бір жоба, туризм саласында 3,5 млрд теңге болатын 1 жоба бар. Өткен жылы екі жоба іске қосылды», деді Талғат Саламатов.

Жиында тексеру қорытындысы бойынша нақты іс-шаралар жоспары талқыланып, бекітілді. Қазірдің өзінде аудиторлар тарапынан айтылған әрбір ескертумен жұмыс жүргізіліп, біраз кемшілік түзетілген. Облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың айтуынша, аудит аяқталмай тұрып-ақ облыс 4,6 млрд теңге көлеміндегі пайдаланылмаған қаражатты қайтарған.

«Аудиторлар бізге облыс бюджетінде 19 млрд теңге игерілмеген қаржы бола тұра, республикадан 30 млрд теңге қарыз алған деп отыр. Бұл жерде «қарыз» дегеніміз республикалық бюджеттен нақты мақсаттарға қайтарымды негізде бөлінген қаражат екенін ескеру керек. Яғни бұл – жай ғана жетпей тұрған қаржыны жабу емес, белгілі бір бағдарламаларды іске асыруға берілетін мақсатты қаражат. Аталған 30 млрд теңгенің шамамен 20 млрд теңгесі – несиелік тұрғын үй салуға, сатып алуға, 8,7 млрд теңге – агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, 1,6 млрд теңге ауылдағы мамандарды әлеуметтік қолдауға бағытталған. Ал республикалық қарыз – ірі әлеуметтік және экономикалық жобаларды жүзеге асыруға қолданылатын қалыпты бюджетаралық тәсіл», деді облыс әкімі.

Аудит барысында 352 шағын және орта бизнес нысаны тиімді нәтиже көрсете алмай отырғаны анықталған. Алайда бұл – жұмыс істеп тұрған 4 316 кәсіпкерлік нысанның 8 пайызы ғана екен. Бұл жерде кейбір кәсіпкерлер қызметін заңды түрде ерте тоқтатқан, мемлекеттік қолдау көрсетілген кейбір кәсіпкерлерге жауапкершілік артылып, міндеттемелер жүктелмеген, бірқатары несиелерін мерзімінен бұрын өтеген. Жиында мұндай мәселелер тек Қостанай облысына ғана емес, жалпы ел көлемінде қалыптасқан жағдай екені айтылды.

ІЛКІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ

Биометриялық төлем: Жаңашылдық пен қауіпсіздік

1 <



«Биометриялық төлемнің таралуы мен адамдардың оны қабылдауы теңесе қоймады. Технология дайын, жұмыс істеп тұр, алайда халықтың сенімі әлі толық қалыптаспаған. Себебі адам өзінің жеке деректерін жүйеге тапсырады. Сондықтан негізгі мәселе «қолдану оңай ма?» дегенде емес, «қауіпсіз бе?» деген сұрақта жатыр. Биометрияның басты ерекшелігі – оны кейін өзгерте алмайсың. Мысалы, карта жоғалса жаңасын аласың, пароль бұзылса ауыстырасың. Ал биометриялық дерек – адамның өзі. Егер ол тараса, оны қайтару мүмкін емес. Сондықтан үлкен жауапкершілік қажет. Елімізде бұл бағыт әлі толық реттелген жоқ. Биометриялық деректер жеке мәлімет ретінде қарастырылғанымен, оны нақты қорғайтын арнайы заң жоқ», деп түсіндірді А.Седенко.

Әлемдік тәжірибе де бұл тұжырымды дәлелдейді. Мысалы, «Amazon» іске қосқан «Amazon One» жүйесі алақан арқылы төлем жасаудың алғашқы ірі жобаларының бірі болды. Технология тамыр құрылымын инфрақызыл камера арқылы анықтап, биометриялық профиль қалыптастырады. Бірнеше жыл ішінде жүйе миллиондаған транзакция жасап, жүздеген дүкенде қолданылды. Алайда кең ауқымда таралуына қарамастан, бұл жүйе қоғам тарапынан толық қолдау таппады. Қауіпсіздік мәселелері көптеген елде қарсылық тудырды. Кейбір жобалар тіпті тоқтатылған.

«Қытайда жүргізілген зерттеулерге қарағанда, халықтың 95,7%-ы QR-кодпен төлеуді жөн көреді. Өйткені ол – қарапайым, үйреншікті әрі сенімді тәсіл. Ал биометриялық төлем көпшілікке әзірге қосымша тәуекел сияқты көрінеді. Яғни технология бар болғанымен, оған деген нақты сұраныс толық қалыптаспаған. Еуропа мен Жапонияда да жағдай осыған ұқсас. Жаңа жүйелер енгізіліп жатыр, бірақ кең таралуы баяу. Бұған құрылғылардың қымбаттығы, тіркеудің күрделілігі, адамдардың сақтықпен қарауы әсер етеді. Бізде де жағдай сондай. Бірақ »Kaspi Alaqan« секілді жүйелер алақандағы тамыр құрылымын сканерлеу арқылы төлем жасауға мүмкіндік беріп, қауіпсіздігі жоғары әдістердің бірі ретінде бағаланып отыр», деп түсіндірді сарапшы.

Расында, қазір дүкендерде кең қолданысқа енгені – «Kaspi Alaqan». Бұл жүйені қалай қосуға болатынын білу мақсатында редакциямызға жақын маңдағы банк бөлімшесіне бардық. Байқағанымыз, үдеріс күрделі емес, бірнеше минуттың ішінде аяқталады. Қызметті 16 жастан бастап пайдалануға болады. Алақанды тіркеудің екі жолы бар екен. Біріншісі – банкомат арқылы мәзірден «Alaqan» бөлімін таңдап, нұсқауларды орындау қажет. Екіншісі – дүкендегі арнайы құрылғы арқылы «қосу» батырмасын басып, QR-кодты қосымша арқылы сканерлеп, тіркеуді аяқтайсыз. Қажетті банкоматты табу үшін «Maps» сервисін пайдалануға болады. Жүйені қосып болған соң, банк қызметкерлерінен толық ақпарат алдық.

«Алақанмен төлем жасау өте жылдам жүзеге асады. Пайдаланушы алақанын құрылғыға жақындатады, содан кейін экраннан төлем тәсілін таңдайды: Kaspi Gold, Kaspi Red+, несие немесе бөліп төлеу, не болмаса Kaspi Pay шоты. Таңдалғаннан кейін қаражат бірден шегеріледі, қосымшаға PUSH-хабарлама келеді. 50 мың теңгеге дейін телефонсыз төлеуге болады. Бұл сомадан асса, хабарлама арқылы растау қажет болады. Қызмет толықтай тегін. Яғни қосылу да, пайдалану да ешқандай комиссиясыз,» деп түсіндірді Асылтас есімді қызметкер.

Қазір бұл қызмет Астана мен Алматы қалаларында қолжетімді. Алдағы уақытта технология еліміздің басқа өңірлеріне де таралады. Дегенмен жаңа жүйеге бірден үйренісе алмай жатқан қолданушылар да бар. Кейбірі алақанын тіркей алмай, түрлі қателерге тап болады. Бұл жөнінде «Finratings.kz» сарапшысы Геннадий Савицкийдің айтуынша, кей азаматтардың бұл қызметтен бас тартуының себебі көбіне техникалық немесе физикалық факторларға байланысты.

«Көп жағдайда жүйе алақанды дұрыс көрмегендіктен тіркеу сәтсіз аяқталады. Мұнда адамның өзі байқамайтын қарапайым жайттар үлкен рөл атқарады. Мысалы, алақанның температурасы. Егер қол тым суық болса, камера қан тамырларының құрылымын анықтай алмайды. Сондықтан сканер алдында қолды жылытып алған дұрыс. Сонымен қатар алақан камераға тым жақын немесе тым алыс орналаса да, жүйе оны дұрыс оқи алмайды. Сондай-ақ алақандағы физикалық өзгерістер де әсер етеді. Терең күйік, тыртық немесе таңғыштың болуы тамырды дәл тануға, жүйенің қабылдауына кедергі келтіреді. Ал терінің қатты ластануы да биометриялық деректерді бұрмалауы мүмкін», дейді Г.Савицкий.

Жаңа төлем жүйесі іске қосылғалы бері халық арасында бұл қызметке қатысты сұрақ көбейді. Әсіресе «сәулесі зиян емес пе?», «жеке деректердің қауіпсіздігі қалай болады?», «алақанды суретпен алдауға бола ма?» деген қисынды-қисынсыз сауалдар жиі айтылады. Оның жауабын банк қызметкерінен сұрап білдік. Ең алдымен көпшілікті алаңдатқан мәселе – денсаулыққа әсері. Компания өкілдерінің айтуынша, алақанды сканерлеу адам ағзасына ешқандай зиян келтірмейді.

«Жүйеде қолданылатын технология инфрақызыл жарыққа негізделген. Бұл – қазіргі фитнес-білезіктер мен смарт-сағаттарда жүрек соғысын немесе қандағы оттегі деңгейін өлшеуге пайдаланылатын сенсорлармен бірдей. Мұндай сәуле теріге терең енбейді, оны қыздырмайды, ешқандай із қалдырмайды. Сондықтан алақанмен төлемді жиі қолдану денсаулыққа қауіп төндірмейді. Деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығына баса мән бердік. Биометриялық төлем жүйесі адамның алақанындағы қан тамырларының ішкі құрылымын сканерлейді. Жүйе тек «тірі алақанды» ғана таниды. Яғни тек сыртқы бейнені емес, қан айналымы бар нақты тамырлар өрнегін анықтайды. Сондықтан жай фото немесе көшірме арқылы жүйені алдау мүмкін емес», деп түсіндірді банк қызметкері.

Сонымен қатар отандық қаржы ұйымдарындағы тағы бір жаңашылдық – «Halyk Bank» бет-әлпетті тану арқылы төлем жасайтын «Face Pay» жүйесін іске қосты. Жүйе жасанды интеллект көмегімен адамның бет-әлпетін жылдам танып, бірнеше секунд ішінде төлемді жүзеге асырады. Халықаралық сарапшылар биометриялық төлем жүйелерінің болашағын жоғары бағалайды. Мәселен, «Visa» мен «McKinsey» зерттеулерінде алдағы жылдары төлемдердің едәуір бөлігі дәл осындай сәйкестендіру тәсілдері арқылы жүзеге асатыны айтылған. Себебі биометрия – жоғалмайтын, ұмытылмайтын және көшіріп алуға қиын дерек. Бұл оны дәстүрлі карта мен парольге қарағанда әлдеқайда сенімді етеді. Ал «Halyk Bank» басқарма төрағасының орынбасары Жұмабек Мамутов бұл жобаның мәнін кеңірек түсіндірді.

«Halyk» елімізде алғаш болып бет-әлпетті тану арқылы төлем жасау сервисін іске қосты. Бұл жүйе төлемді жеңілдетіп қана қоймай, оны әлдеқайда жылдам әрі ыңғайлы етеді. Мысалы, телефоныңыз өшіп қалса немесе картаңызды үйде ұмытып кетсеңіз де алаңдамауға болады. Тек «Face Pay» қызметіне қосылып, турникетке жақындасаңыз жеткілікті. Жүйе сізді танып, төлемді автоматты түрде жүргізеді. Бұл – клиенттеріміздің өмірін жеңілдетуге бағытталған технологиялық шешімдеріміздің бірі», деді ол.

Жүйені пайдалану үшін «Halyk» мобильді қосымшасындағы «Төлемдер» бөлімінде «Face Pay« қызметін қосып, банк картасын байланыстыру жеткілікті. Одан кейін турникеттегі «Face Pay» арқылы төлеу белгісінің алдына келіп, құрылғыға қарасаңыз болғаны, төлем автоматты түрде жүзеге асады.

Сайып келгенде, биометриялық төлем жүйелері қаржы саласына тың серпін беріп, күнделікті операцияларды едәуір жеңілдетуге мүмкіндік ұсынып отыр. Дегенмен, бұл бағыттағы әрбір қадам тек технологиялық жаңашылдық тұрғысынан ғана емес, қауіпсіздік талаптары тұрғысынан да жан-жақты сараланып, қоғам сеніміне ие болуы маңызды.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Апатты баспаналар азаймай тұр

Былтыр елімізде апатты жағдайдағы тұрғын үй саны 2,6 мыңға жетіп, 7%-ға ұлғайған. Соның салдарынан өткен жылы 50 мыңнан астам адам апатты үйлерде тұрған.

Дәулет ЖАДЫРАСЫН,
«Egemen Qazaqstan»

«Ranking.kz» жазуынша, бұл мәселе ел азаматтарының қауіпсіздігіне байланысты болғандықтан, бүгінде өте өзекті. Былтыр апатты үйлер саны жөнінен Атырау облысы көш басында болған. Онда 705 апатты үй есепте тұр. Ал Ақмола облысында тозығы жеткен 270 үй, Батыс Қазақстанда 262 үй бар. Ескере кететін бір жайт, тұрғын үй қорының шынайы жағдайы статистикалық деректерден алшақтау болуы мүмкін. Яғни бұл тұжырым нақты ресми деректерге қарай жасалып отыр. Оң нәтиже де жоқ емес. Былтыр Алматы облысында апатты үй саны 30-ға, Қарағанды облысында 12-ге, Астана қаласында 10-ға, Солтүстік Қазақстанда 7-ге азайған.

«Ranking.kz» сарапшылары бұл үрдістен екі түрлі жағдайды аңғарғанын айтады.

«Мұндай нысандардың артуы тұрғын үй қорының жағдайы нашарлағанын көрсетеді. Екінші жағынан, уәкілетті органдардың тексерісті күшейтуіне де байланысты. Іс жүзінде қауіпті, бірақ ресми мәртебесі жоқ үйлер көп. Ресми апатты мәртебені алу мәселенің шешу мүмкіндігін арттырады», дейді сарапшылар.



КӨКЕЙКЕСТІ

Көші-қон үдерісіне кешенді көзқарас керек

Былтыр қазақ жеріне қоныстануға 23 761 адам келген. Ал 7 608 азамателденкеткен. Сырттан келгендер мен кеткендердің негізгі үлесі – 35–39 жас аралығындағы азаматтар. Олардың арасында техникалық және экономикалық білім алғандар басым. Мұндай миграциялық ағынға не себеп?

Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «ЕҚ»

Кәсіби миграция дегеніміз не?

Ұлан-ғайыр аумақты иеленген еліміз үшін көші-қон үдерісін тиімді реттейтін мемлекеттік саясатты ұстану – экономикалық әрі демографиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету ғана емес, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан да аса маңызды міндет.

Ұлттық статистика бюросының кейінгі (2025 жылғы) жариялаған миграциялық көрсеткіштеріне назар аударсақ, көші-қон алмасуының негізгі бөлігін ТМД елдері жүзеге асырған. Барлық келушілердің – 81,8, ал кеткендердің 71,8 пайызы осы елдерге тиесілі. Оған қоса Қазақстанға Қытай, Моңғолия және Германиядан келушілер жиілесе, елден көшкен азаматтар көбіне Германия, Польша және АҚШ-ты таңдаған.

2024 жылмен салыстырғанда, Қазақстаннан шығушылар саны 40,2 пайызға азайып, ал елге келгендер саны 18,9 пайызға төмендеді. Дей тұрғанмен, ашық дереккөздерде шекара асып, елден көшкендердің арасында жоғары және орта кәсіптік білімі бар отандастарымыз басым екені жазылған. Олардың қатарында техникалық, экономикалық, педагогикалық бағыттағы мамандар бар. Яғни жоғары жалақы, мансаптық өсу мүмкіндігі, сапалы медицина мен білімге қолжетімділік, сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендігі», дейді сарапшы.

Парадокс дүние бар. Мәжіліс депутаттарының кейінгі үш жалпы отырысындағы сауалдарын зерделеп қарасақ, басым көпшілігінде кадр тапшылығы проблемасы көтерілген. Мәселен, депутат Темір Қырықбаев ауыл шаруашылығы саласындағы түйткілді қаузай келе, агросекторда малшы, сауыншы, механизатор, ветеринар, агроном, зоотехник секілді мамандардың жетіспеушілігі бар екенін жеткізеді. Мәжілісмен Ұласбек Сәдібеков мүгедектігі бар жандарды жанжақты қолдау тетігін айта келе, логопед, дефектолог секілді бейінді мамандар тапшылығын алға тартады. Ал Ерлан Сайыров депутаттық сауалында елдегі моноқалаларда дәрігерлер қажет екенін көрсетеді.

Иммиграция – экономикалық қажеттілік емес

Тағы бір мәселе: Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай еңбек миграциясын әлі де реттеу керек екенін айтады. Оның мәлімдеуінше, еліміздегі ең ірі аудандарда жұмысшылардың жетіспеушілігі сезіледі.

«Ұлытау ауданы – аумақтық көлемі бойынша еліміздегі ең ірі аудандардың бірі. Соған қарамастан, аудан халқы өте сирек орналасқан, жалпы саны – шамамен 11 мың адам. Осындай кең аумақта ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін еңбек ресурсының жетіспеушілігі негізгі мәселелердің біріне айналды. Шаруалар көршілес мемлекеттерден, атап айтқанда, Өзбекстан мен Қырғызстаннан еңбек мигранттарын тарту тәжірибесін қолданып отыр. Бұл тәжірибе шаруашылықтардың өндірістік көлемін сақтауға және арттыруға оң әсерін тигізген. Алайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматы өз атына ең көбі 5 шетел азаматтарын ғана тіркей алады және олар тіркелген мекенжайда ғана жұмыс істеуге құқылы. Мысалы, еңбек мигранты ауылдағы тұрғын үй мекенжайына тіркелсе, шаруашылықтың егістік алқаптарында немесе жайылымдарында жұмыс істеуі заңнамалық тұрғыдан қиындық туғызады», дейді мәжілісмен.

Депутат Ауыл шаруашылығы министрлігінің сұранысы бойынша маусымдық жұмысшыларға арнап берілген 6 мың квотаның тек 3,5 мыңы игерілуіне осындай жағдайлар себеп болып отырғанын атап өтеді. Мұны ескере келе, Аманжол Әлтай сұранысқа негізделген икемді квота жүйесін енгізуді ұсынды.

Халықаралық тәжірибеде, бұл оңтайлы тетік саналады. Есесіне, саладағы нақты қажеттіліктер жабылады. Бізде де шетелдік жұмыс күшінің елдегі бос жұмыс орындарын толықтырғаны еңбек нарығы үдерісінің үздіксіз ілгерілеуіне көмектеседі. Экономикалық өсімді ынталандырады. Десек те жергілікті халықпен бәсекелестік күшейетінін, әлеуметтік инфрақұрылымға жүктеме артатынын есте ұстау керек.

Себебі иммиграция мен эмиграция – тек экономикалық қажеттілік емес, ол саяси және әлеуметтік факторлармен, демографиямен тығыз байланысты күрделі үдеріс. Сондықтан бұл мәселе мемлекетке нақты екі міндетті жүктейді. Алдымен білікті кадрларды елде ұстап қалу, екіншісі – шетелден келетін еңбек мигранттарын тиімді интеграциялау.

Көлеңкелі еңбек нарығы реттелсе игі...

Олай деуімізге еңбек миграциясындағы заңбұзушылықтар себеп болып отыр. ІІМ Көші-қон комитетінің өкілдері берген мәліметке сүйенсек, сыртқы миграцияда көші-қон заңнамасын бұзу дерегі жиі кездеседі. Мәселен, өткен жылы бұл дерек 91 мыңнан асса, биылғы үш айда 15,5 мыңға жеткен.

– Қазақстан еңбек мигранттарын қабылдауда ТМД елдері арасында екінші орында, ал Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингінде 190 мемлекеттің арасынан 25-орынға жайғасты. Әлемдегі геосаяси жағдайға байланысты Қазақстанға келетін шетелдіктер саны жыл сайын артып келеді. Ізінше еңбек мигранттарының саны да өсіп отыр. Көші-қон қызметі мен еңбек инспекциясы олардың заңды жұмыс істеуін тұрақты тексереді. Жыл басынан бері елге 3 млн 184 мыңнан аса шетелдік келді. Оның ішінде 124 мыңнан астамы жұмыс істеу мақсатында уақытша тұруға рұқсат немесе еңбек визасы негізінде болды. Оларды бақылауда ұстау үшін «Мигрант» және «Нелегал» жедел-алдын алу іс-шаралары тұрақты өткізіледі. Нәтижесінде, еңбек қызметін бұзғаны үшін 2 772 шетелдік жауапкершілікке тартылды (2025 жылы – 16 651), – деді Көші-қон қызметі комитеті Сыртқы көші-қон басқармасының аға инспекторы Азария Шүкібаева.

Миграциялық ағындағы мәселенің бірі – көлеңкелі еңбек нарығы. Кейбір жұмыс берушілер шетелдік жұмысшыларды заңды түрде рәсімдемейді. Бұл бақылауды қиындатады. Жақында ғана «Мигрант» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында 500-ден аса кәсіпкер шетелдік жұмыс күшін заңсыз пайдаланғаны үшін жазаланды. Жалпы айыппұл көлемі 200 млн теңгеден асты.

Рейдтің күшімен 1 500 шетел азаматының елде болу мерзімі қысқартылып, 1 200-іне елден шығару туралы сот шешімі қабылданды. Олардың 121-і мәжбүрлі түрде депортацияланды. Арасындағы сегізі радикалды ағым өкілдері ретінде танылды. Барлығына 5 жылға Қазақстанға кіруге тыйым салынды. Қатты алаңдатарлығы – іздеуде жүрген 22 шетел азаматының ұсталғаны. Олар түрлі қылмысқа қатысты көрші елдерде іздеуде болған.

– Қазақстан заңсыз көші-қонға қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңызын түсінеді. Бұл бағыттағы тиімділік халықаралық және ұлттық деңгейдегі бірлескен әрекеттерге байланысты. Соның негізінде еліміз 22 мемлекетпен 20 реадмиссия (заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі тиімді шаралардың бірі) келісіміне қол қойған, ал тағы 28 жоба – келісу сатысында. Жалпы республикамызда еңбек мигранттарының құқықтары Конституция, халықаралық келісімдер, «Халықтың көші-қоны туралы» заңы және Еңбек кодексі негізінде қорғалады. Негізгі қағидалар – тең еңбекақы, қауіпсіз еңбек жағдайлары мен әлеуметтік сақтандыру. Алайда өткен жылы заңды белшесінен басқан 18 830 шетелдік, жыл басынан бері 4,2 мыңнан аса адам елден депортацияланды, – деді Азария Шүкібаева.

Алдағы уақытта көші-қон үдерісі одан әрі күшеюі мүмкін. Себебі цифрландыру, қашықтан жұмыс істеу жолы азаматтардың географиялық тәуелділігін азайтып отыр. Сондай-ақ аймақтың климаттық ахуалы да жаңа миграциялық толқынға қуат болуы ықтимал. Демек эмиграция һәм иммиграция мәселесін жан-жақты зерттеп, теңгерімді саясат қалыптастыру – кезек күттірмейтін мәселе.

ӨЗЕКТІ

Жалған ақпарат таратудың жауапкершілігін білеміз бе?

Бүгінде әлеуметтік желі негізгі ақпарат көзіне айналды. Бұл қазір ең жылдам хабар тарату құралы болып отыр. Дегенмен, виртуалды әлемнің бәсі жоғарылаған сайын, жеделдікпен қатар, жауапкершілік жүгі де артқанын қаперде ұстаған абзал. Ғаламтор бір жағынан, пайдалы мәліметке дер кезінде қол жеткізуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, бұрын онсыз да ауыздан-ауызға тез тарап келген өсек-аяңның жылдамдығын барынша шарықтатып жіберді. Ал бұл өз кезегінде мемлекет пен қоғам үшін қатерлі жағдайға апарып соқтыруы мүмкін.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Коллажды жасаған – Зәуреш СМАҒҰЛ, «ЕҚ»

«Қоғамдағы елеулі қауіптердің бірі – «цифрлық қауесеттер». Көп жағдайда пайдаланушылар мәселенің мәніне үңілместен, тексерілмеген, кейде тіпті жалған ақпаратты таратады. Назар аударту мен «хайп» қуған жекелеген тұлғалар өз әрекеттерінің салдарын елемейді. Ал шын мәнінде, шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты жариялау бүкіл қоғам үшін қауіп факторы. Бұл жай ғана зиянсыз әзіл немесе интернеттегі пікір емес. Мұндай әрекеттер дүрбелең туғызуы, азаматтардың іскерлік және жеке беделіне нұқсан келтіруі, сондай-ақ мемлекеттік институттардың қызметін тұрақсыздандыруы мүмкін», делінген Бас прокуратура таратқан хабарламада.

Құқық қорғау саласы мамандарының айтуынша, цифрлық әлемде толыққанды анонимділік деген нәрсе атымен жоқ. Яғни адам интернетте жасап жатқан әрекеттерім елеусіз қалады деп ойламауы керек. Сіздің виртуалды әлемге кіргеніңіз бен шыққаныңыз және онда жасаған әрбір ісіңіз өзінің «ізін» қалдырмай қоймайды. Оны өзге адамдар көрмегенімен, осы саланың арнайы мамандары қазбалайтын болса, табатыны сөзсіз.

«Интернеттегі анонимділік – миф. Заманауи техникалық мүмкіндіктер хабарламаны жіберген адамды, тіпті ол кейін жойылған жағдайда да, анықтауға мүмкіндік береді», дейді мамандар.

Біздің елімізде көрінеу жалған хабарлама жасау, соның ішінде интернет арқылы, мәселен, дайындалып жатқан жарылыс, өрт немесе адамдардың қаза болу қаупін тудыратын, мүлікке зиян келтіруге не өзге де қоғамдық қауіпті салдарға әкелуі мүмкін әрекеттер туралы өтірік ақпарат тарату қылмыстық құқық бұзушылық саналады. Сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексте де жалған ақпарат беру үшін ірі көлемде айыппұл төлеу жазалары қарастырылған.

Бұл ел азаматтарынан интернетте барынша сақтық танытуды, тек сенімді дереккөзден алынған, тексерілген ақпараттарды ғана пайдалануды талап етеді. Мұны сөз бостандығын шектеу деп бұрмалау қателік. Сөз бостандығы – заңға қайшы емес ақпаратты таратуға берілетін құқық. Ал өтірік мәлімет таратып, мемлекеттің, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу жалпыға ортақ талаптарды аяққа таптауға жататыны айтпаса да түсінікті.

«Құқықтық нормаларды сақтау тұрмыста, бизнесте және медиа кеңістікте қауіпсіз орта қалыптастырады. Қылмыстық құдалау органдары тек жауапкершілік шараларын қолдануға ғана емес, ең алдымен құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ортақ міндетіміз – жауапты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру. Өйткені мәдениет әрбір әлеуметтік желі қолданушысының жеке жауапкершілігінен басталады», делінген Бас прокуратура хабарламасында.

Осы орайда ғаламтор кеңістігінде өзін толыққанды «еркін», дұрысырақ айтқанда, жауапсыз сезінген кейбір азаматтарымыздың оңды-солды өтірік ақпарат таратып, жазаға тартылып жатқан жағдайлары да аз емес. Мәселен, сондай оқиғаның бірі жуырда Абай облысында тіркелді.

3 наурызда Семей қаласындағы «Balapark» балалар ойынсауық орталығында өрт орын алып, арнайы қызметтердің жедел әрекетінің арқасында адам шығынына жол берілмеген еді. Алайда қала тұрғыны Instagram желісіндегі қалалық пабликтердің бірінде аталған өрт салдарынан 18 адамның қаза тапқаны туралы жалған ақпарат жариялаған. Бұл желі оқырмандары арасында алаңдаушылық туғызды.

Артынша осы ақпаратты таратқан тұрғынның жеке басы анықталып, оған қарсы әкімшілік іс қозғалды. Сот отырысында құқық бұзушы өз кінәсін толық мойындап, оған ӘҚБтК-нің 456-2-бабының 3-бөлігі бойынша жалған ақпаратты жариялағаны және таратқаны үшін 86 500 теңге мөлшерінде айыппұл салынды.

Интернет кеңістігінде шексіз еркіндік жоқ екенін, әрбір жүрісің мен тұрысың ұстамдылық пен байсалдылыққа негізделуі керек екенін, әсіресе, қолына смартфон ұстап туатын жас балаларға көбірек түсіндіру қажет. Оңтердің әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі түсіндірілді.

Айта кетейік, жалған ақпарат тарату заңмен қатар, дінімізде де күнә іс саналады. Біреу айтпаған сөзді айтты деп немесе жасамаған істі жасады деп жария қылу – ғайбат. Ал өтірік айту – дініміздеде, дәстүрімізде де адамның сүйкімін кетіретін амал екені белгілі.

«Жалған ақпарат таратудың күнә әрі арам екені Құранда да, Пайғамбарымыздың хадистерінде де анық айтылған. Мысалы, бір хадисте: «Әрбір естігенін айту кісіге күнә ретінде жеткілікті», дейді. Сол себепті кез келген хабарды анық-қанығына жетпей тұрып таратуға тыйым салынады», дейді исламтанушы Медет Құрмашұлы.

Халқымыздың дәстүрінде сөз тасу, кісі арасын өтірік айтып бұзу ұят әрі мәдениетсіздік саналады.

Халыққа жылу сыйлаған

Қоғамның күнделікті тыныс-тіршілігі көзге көрініе бермейтін, бірақ үздіксіз атқарылатын еңбектің арқасында алға жылжиды. Өндіріс саласында маңдай терін төгіп, нақты нәтижемен өлшенетін жұмысты абыроймен атқарып жүрген азаматтар – ел дамуының берік тірегі. Солардың бірі – «Өскемен ЖЭО» ЖШС орталықтандырылған жөндеу цехында химиялық су тазалау шебері қызметін атқаратын Дархан Мұсабаев.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Биыл жыл басында «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған Дархан Сағдашұлы Қарағанды қаласында дүниеге келгенмен, балалық шағы Шығыс Қазақстан өңірінде өтті. 1994 жылы Үлкен Нарын ауданына қарасты Ново-Берёзовка орта мектебінің табалдырығын аттап, 2004 жылы осы білім ордасын аяқтады. Ерте кезден техникалық пәндерге бейімі бар ол болашақ кәсібін саналы түрде таңдады. Сол жылы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің жылу-электрмен қамтамасыз ету факультетіне оқуға түсіп, «Жылу энергетикасы» мамандығын алды. Университетте алған теориялық даярлық пен өндірістік ойлау машығы оның кейінгі еңбек жолына берік негіз қалады. 2008 жылы жоғары оқу орнын тәмамдаған соң, жас маман еңбек жолын «Өскемен ЖЭО»-да бастады.

Алғашқы жылдары орталықтандырылған жөндеу цехында термо оқшаулаушы, отқа төзімдеуші болып еңбек етті. Қазандық агрегаттары мен құбыр жүйелеріндегі жылу оқшаулау жұмысы станса тиімділігіне тікелей әсер ететін жауапты учаске саналады. Дархан Сағдашұлы өзіне жүктелген міндеттерді тиянақтылықпен орындап, технологиялық тәртіпті қатаң сақтайтын маман ретінде қалыптасты. Атқарылған жұмыс жабдықтардың сенімділігін арттырып, жылу шығынын азайтуға мүмкіндік берді.

«Жұмысқа әбден төселіп алдық. Соның өзінде әр қимылымыз өте жауапты. Жылу жүйесі сырт көзге оңай көрінгенімен, өте күрделі үдеріс. Мұндағы мамандардың қай-қайсысы да өз ісінің нағыз шебері», дейді Дархан.

Қызмет бабында сатылап өскен маман 2014 жылдан жабдықтарды пайдалану, жөндеу жөніндегі техник қызметін атқарды. Стансаның негізгі технологиялық жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге елеулі үлес қосты. Өндірістік үдерістерді терең түсінуі мен тәжірибеге сүйенген шешімдері оның кәсіби деңгейін бекемдей түсті. Сөйтіп, 2023 жылғы тамызда химиялық су тазалау шебері лауазымына ауыстырылды. Қысқа мерзім ішінде жаңа бағыттағы жұмысты жүйелеп, ұжым қызметін тиімді ұйымдастыра білді. Химиялық су тазалау – жылу электр орталығы жұмысындағы негізгі буындардың бірі. Су сапасына қойылатын талаптардың сақталуы жабдықтардың ұзақ әрі апатсыз қызмет етуін қамтамасыз етеді. Осы жауапкершілікті терең сезінетін маман өндірістік тәртіп пен қауіпсіздік талаптарына айрықша мән береді.

Дархан Сағдашұлы үнемі өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынысымен ерекшеленеді. Технологиялық үдерістерді жетілдіру, ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі бастамалары стансаның пайдалану шығындарын төмендетуге, техникалық сенімділігін арттыруға ықпал етті.

Еңбек адамына тән тағы бір қыры – кейінгі буынға бағыт-бағдар беру. Ол жас мамандарды баулып, олардың бойында өндірістік мәдениет пен жауапкершілік қағидатын қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. Ұжымды ұйымдастыра білуі, талап пен әділдікті ұштастыруының арқасында әріптестері арасында беделге, сый-құрметке ие. Бүгінде Дархан өз ісіне адал, өндірістің жауапты учаскесінде табанды еңбек етіп жүрген тәжірибелі маман. Осындай азаматтардың еңбегі арқылы ел энергетикасы дамып, қоғамның тұрақты тіршілігі қамтамасыз етіліп отыр.

ӨСКЕМЕН

Майталман маман, тәжірибелі тәлімгер

Қайырғали Сисекенов — Батыс Қазақстан электржелілік компаниясында 35 жыл үзіліссіз еңбек етіп келе жатқан майталман жүргізуші. Өткен жылы қарапайым еңбек адамының маңдай тері жоғары бағаланып, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Тайпақ өңірінде 1965 жылы дүниеге келген Қайырғали Жұмаұлының еңбек кітапшасында көп жазба жоқ. 1991 жылғы сәуірде Батыс Қазақстан аймақтық электржелілік компаниясының механикаландыру және автомобиль көлігі қызметіне жүргізуші болып орналасқан. Содан бері аттай 35 жыл өтіпті. Осы салада табан аудармай қызмет етіп келе жатқан кейіпкеріміз 2006 жылы «Батыс энергетика ардагері» атағына ие болған. Тәжірибесі толысқан маман ретінде әріптестері оны айрықша құрметтейді.

«Мен мекемеге жұмысқа келгенде Қайырғали аға сан жылғы еңбек өтілі бар тәжірибелі маман еді. Қазір бір салада, бір бригадада қызмет етеміз. Ол «ЭТЛ-35» аталатын электртехникалық зертханамыздың көлігін тізгіндейді. Үнемі сапардамыз, ауыл-аймақты аралап, қосалқы стансаларға барамыз. Жылдық кестеге сәйкес облыстың түкпір-түкпірін шарлап, электр құрылғыларын профилактикалық сынақтан өткізіп, ақауларды анықтаймыз. Үнемі жолда жүретіндіктен, көлігіміздің кідірмеуі, діттеген жерге тез жетуіміз өте маңызды. Қайырғали аға ешқашан жолда қалдырған емес. Бұл кісінің «темір тұлпары» жылдың қай мезгілінде де сақадай сай», дейді мекеменің оқшаулау және кернеуден қорғау қызметінің басшысы Санжар Әміреев.

Қазақта «мал иесіне тартады» деген сөз бар. Қайрекең қызметтік көлігін әрдайым бабында ұстайды: ай сайынғы техникалық күтім, жоспарлы жөндеу, қауіпсіздік, бақылау тетіктерін тексеріп отыру – бұлжымас дағдыға айналған. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» қағидасы адамға ғана емес, техникаға да қатысты дейді ол. Бұл, әрине, көп жылғы тәжірибе мен жауапкершіліктен туындайтын қасиет.

Энергетиктердің жұмысы әскери қызметке ұқсас. Тәуліктің кез келген уақытында, ауа райының қолайсыздығына қарамастан жолға шығуға тура келеді. Осындай сәтте Қайырғали Жұмаұлының сабырлы мінезі мен сенімді іс-әрекеті бүкіл топқа демеу болады.

2024 жылғы көктемде Батыс Қазақстан облысында алапат су тасқыны болды. Тілсіз жау көптеген елді мекенге қауіп төндірді. Бірнеше шақырымдық электр желісі су астында қалып, бағаналар құлады. Бөрлі ауданының Ақсай қаласында, Пугачев ауылында энергетиктер құтқарушылармен бірге күні-түні қызметте жүрді. Қуаты 35/10 кВ «Аралтал» қосалқы стансасын қалпына келтіру оңайға соқпады. Құлаған тіреулерді қайта орнату, тіректер мен сымдарды ауыстыру үшін «Батыс Қазақстан АЭЖК» ЖШС-ның жедел тобы сол жерден табылды. Арнасынан асқан Шыңғырлау өзенінің жағасында, сарқыраған су мен күркіреген сеңмен алысып жүріп, Қайырғали Жұмаұлы 1 шақырым қашықтықтағы электр өткізгішін ауыстырып, бұзылған 10 кВ электр желісін қалпына келтіріп жатқан мамандарға ерекше көмек көрсетті. Сондай-ақ түн ішінде «Ақсайжылқуат» мемлекеттік кәсіпорнының 600 метрлік тіректерін, оқшаулағыштар мен өткізгіштерді ауыстырғаны да әріптестерінің есінде.

«Энергетика саласы – экономиканың күретамыры. Жарық пен жылуды үздіксіз жеткізіп отырған мамандар елдің тұрақты дамуы мен халықтың тұрмыс сапасына тікелей үлес қосып келеді. Қыстың қақаған аязында да, жаздың аптап ыстығында да біз тәулік бойы тынымсыз еңбек етеміз. Әсіресе кейінгі кезде салада инфрақұрылымды жаңғырту, цифрландыру мен баламалы энергия көздерін дамыту бағытында маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Еліміз еңбегімізді елеп, өткен жылдың соңында Президент III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін өз қолымен кеудемізге тақты. Қарапайым жұмысшының еңбегі ескеріліп, мерейі өскені – үлкен мәртебе. Біздің жетістік – ұжымдық еңбектің нәтижесі. Мәселен, мен өз әріптестерім – учаске басшысы Санжар Әміреев пен инженер Алтынбек Кереевтің көптеген жұмысшы-еңбеккерді баулып, тәрбиелеп жүрген еңбегі ескерілсе, келешекте олардың да қажырлы ісі өз бағасын алса деп тілеймін», дейді еңбек ардагері.

Энергетика – қолға ұсталмайтын, көзге көрінбейтін, бірақ қазіргі экономиканың ең қажетті шешуші күші. Ағзаны түгел торлап, тырнақтың ұшынан төбе құйқаға дейін таралатын жүйке тамырлары секілді, энергетика да бүкіл саланы қамтып жатыр. Мұны қарапайым адам бар кезінде байқамас, бірақ өшкен сәтте бірден іздейтіні анық. Ендеше, осындай маңызды саланың үздіксіз жұмыс істеп тұруына үлес қосқан әр адамның еңбегі қадірлі.

Батыс Қазақстан облысы

Еңбек даңқы аласармайды

Қаршадайынан қара жұмыспен шыңдалған Мырзатай Қойшыбаев еңбек жолын өзіне тән ауыл өмірімен байланыстырды. Ауыл шаруашылығы институтын бітірген жоғары білімді маман алғашқы жылдары ауылдық кеңесте қызмет етті. Кейіннен атакәсіпке оралып, заман талабына сай алдымен егін шаруашылығын қолға алды.

Гүлайым ДӘУІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

1992 жылы «Нақхан» шаруа қожалығын құрды. Адай жылқысын өсірумен тығылықты айналысып, бие байлап, қымыз дайындап, қымызды құтыға құю цехын ашты. Бүгінде шаруашылығындағы жылқы басы 400-ге таяп қалған. Жұмыс барысында қаржыға, техника, еңбек күшіне қатысты кездескен қилы қиындықты еңсере білген қайсар азамат перзенттерімен, көмекшілерімен бірге Сай-Өтес ауылы маңындағы Қаратөрткүл жайлауында кәсібін дөңгелетіп отыр.

«Айта кеткен жөн, адай тұқымды жылқы ешқашан қолдан азықтанбайды. Дала төсінде еркін жайылып өсуі себепті, еті де, сүті де құнарлы. Жылқы сауу, саумал, қымыз дайындау тәсілдері туралы мамандардың еңбектерін оқып, іздене жүріп, саумал, қымыз дайындауды қолға алдық. Қымызды бөтелкелерге құйып, арнайы штрих код жапсырып, қала маңындағы бірқатар дүкенге өткіземіз. Бұрын 5–6 мың литрге дейін өндірсек, қазір қажеттілікке қарай 2–3 мың литр ғана дайындап отырмыз», дейді М.Қойшыбаев.

Кәсіпкердің көп жылғы ерен еңбегі елеусіз қалған жоқ. 2017 жылы III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен, сондай-ақ Мемлекет басшысының Алғысхатымен, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылық саласының үздігі» белгісімен, Маңғыстау ауданының «Жылдық үздік фермері» атағымен, бірнеше мерекелік төсбелгілермен, облыс, аудан әкімдерінің алғысхаттарымен марапатталды. Былтыр жылдың аяғында осы марапаттар жүлгесі жалғасын тауып, Астанадан Президент Қ.Тоқаевтың қолынан II дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін кеудесіне тағып оралды.

Отбасында алты қыз, бір ұл өсіріп, олардан немере, жиен сүйіп отырған ардақты әке, атпал азаматтың шаруашылығын одан әрі өркендетуден басқа мақсаты жоқ.

«Еңбегімді елеп, әр кез марапаттан тыс қалдырмай, облыстық, республикалық деңгейдегі мемлекеттік, мерекелік түрлі сый-сияпатпен атап өтіп жататын іс басындағы азаматтарға алғысым шексіз. Еңбекті, кәсіпті марапатқа бола жасамайсың, әйтсе де еңбектің еленгені қанаттандырады», дейді ол.

Маңғыстау облысы

Жапандағы жалғыз үйдің тірегі

Еңбекті сүйген адам қиындықтан қашпайды. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданындағы Амангелді ауылының жұртында жалғыз үй болып қалып, көшкен елдің 150 жылқысын бағып отырған Әділхан Байтасов есімді жігітті бүгінгі күннің нағыз еңбексүйгіш ері десек жаңылыспаймыз.

Жақсыбай САМРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл ауыл – жазушы Сафуан Шаймерденовтей біртуар тұлғаның кіндік қаны тамған әйгілі мекен. Амал бар ма, бүгінгі өмір талабымен тұрғындары тегіс көшіп кетіп, тек осы Әділхан ғана қалды. Ол жастайынан мал баққан, атакәсіпті жандүниесімен сүйетін азамат.

«Ауылдан кеткім келмейді. Әрине, қалаға көшсем бір кісідей күнімді көрер едім, бірақ жаным әрдайым даланы аңсап тұрады», дейді ол.

Ауылдан көшкенде сатпаған, өтпеген жылқыларын тұрғындардың бәрі Әділханға сеніп тапсырып кеткен. Жасы жер ортасына жақындап қалған жан болса да ширақ, он жылдан бері көшкен ауылдастарының қосқан жылқысын өз малындай аялап, бағып-күтіп келеді. Тіпті жараланғандары, мерттіккендері болса ұстап алып, емдеп жібереді. Алдымен ауылда жалғыз үй болып тұрған, бірақ артынан көшпеген көрші ауылдан үй алып, сонда қоныс аударды. Өзі жоқта жылқыны кең албарға қамап кетеді. Таңертең шығарып, кешке дейін бағады.

Жылқының бірде-біреуі тұсалмаған, осының өзінен жылқышының шеберлігін байқауға болады. Жиынтерім аяқталған соң жылқыны тіпті еркін жібереді. Күзге салым иелері келіп, соғымға соятындарын ұстайды. Жүген-құрық тимеген шу асауларды ұстау да оңай емес, ондайға да Әділхан ғана епті.

Білмеген адамға 150 жылқыны санау да қиын. Тұяқты мал бір орында тұрмай жылжи береді. Тәжірибелі жылқышы көзбен ғана санайды екен. Адам сияқты, жылқының арасында да белгілілері болады. Әділхан олардың қатарында жүретін бірнешеуін жұптап қарап шықса болды, жылқының санын біледі. Баяғыда, осы төңіректе үйір-үйір жылқы ұстаған Әлти бай малын көлге жіберіп, суға құрық салып санап алады деуші еді. Жылқы ішкен соң су құрықтың белгілеп қойған жеріне дейін төмендесе, малы түгел, ал белгіленген жерге бармай, биіктеу қалса жылқы бөлініп кетіпті деп байбалам салады екен. Сол сияқты, Әділханның Дулат деген ағасынан үйренген өз әдісі бар көрінеді.

Еңбегіне қарай жылқышының табысы да жаман емес, әр тұяққа бес мың теңгеден алғанда айына 700 мыңдай табады. Бұл жыл он екі ай бойы қыстың суығы мен жаздың аптабына қалып жүрген жанға көп емес, әрине. Сақылдаған сары аязда Әділханның жылқысы тебінде болады. Бірнеше күн боран соғып, аяз қысқанда үйде жата алмаймын дейді ол. Аяз сәл сынып, 15–20 градусқа түссе болды, жылқыларын іздеп шығады. Қазір ит-құс жоқ, жаздан семіз шыққан жылқылар ықтаумен аман қалады екен.

Бір қызығы, Әділханның жылқы бағатын көлігі – қытайлық мотоцикл. Әрі ыңғайлы, әрі жылдам көлік жылқышыға нағыз қол. Бірақ қатты жауындарда жер езілсе жүре алмайды, ондайда ерттеулі аты дайын тұрады. Ешқандай мәселе, қиындық жөнінде айтпай, керісінше бәрі жақсы деп тұрған еңбеккердің ісіне сәттілік тілеп аттандық.

Солтүстік Қазақстан облысы

Берлиндегі нейрохирург ғалым

Қазір ғылым ұлттық шекарамен шектелмейтін, ортақ адамзат игілігіне қызмет ететін кеңістікке айналды. Әсіресе нейроғылым саласында жүргізіліп жатқан зерттеулер адамзаттың ең күрделі әрі жұмбақ мүшесі – ми қызметін терең түсінуге жол ашып, медицинаның жаңа кезеңін қалыптастырып отыр. Осындай іргелі ізденістің алдыңғы шебінде жүрген жас ғалымның бірі – Бейжіңдегі нейрохирургия резидентура бағдарламасының түлегі, қазір Германияда осы саланың докторанты Ғалымжан Исабеков.

Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН,
«Egemen Qazaqstan»

Ғалымжан – өз жолын өзі қалыптастырған буынның өкілі. Оның ғылыми сапары Азиядағы беделді жоғары оқу орындарының бірі – Бейжің университетінен басталды. Мұнда ол тек кәсіби білім алып қана қоймай, зерттеушілік ойлау мәдениетіне де өзгеріс әкелді. Кейін Бейжіңдегі функционалдық нейрохирургия институтында резидентурадан өтіп, клиникалық тәжірибені ғылыммен ұштастырды. Осы кезеңде ол балалардағы ауыр эпилепсияны емдеуге қолданылатын күрделі операция – гемисферэктомияны де зерттеуге бел шеше кірісті.

Осындай тоқтаусыз ізденісі оны Жапонияда өз біліктілігін арттыруға жетеледі. «Takeda Science Foundation» гранты негізінде Токио әйелдер медициналық университетінде тағылымдамадан өткен ол әлемге танымал нейрохирург профессор Такаоми Тайрамен бірге жұмыс істеді. Бұл тәжірибе оның кәсіби бағытын айқындап, халықаралық ғылыми ортаға шығуына жол ашты.

Бүгінде Ғалымжан Исабеков Германияның Берлин қаласындағы «Charité» клиникасында зерттеуші ретінде қызмет атқарып жүр. Оның негізгі зерттеу бағыты – паркинсон ауруын емдеуде қолданылатын «Deep Brain Stimulation» (DBS) әдісін жетілдіру. Бұл – мидың терең құрылымдарына арнайы электродтар орнату арқылы нейрондық белсенділікті реттейтін жоғары технологиялық ем тәсілі.

Зерттеушінің айтуынша, DBS (Deep Brain Stimulation) операциялары кей жағдайда науқастың толық саналы күйінде жүргізіледі. «Бұл кезде нейрофизиолог-дәрігерлер, операцияда нейрондардың электрлік сигналдарын тікелей бақылап, нейрохирургтерге операция барысында қосымша «GPS» секілді дәл ақпарат береміз. Осы сигналдар арқылы электродтарды мидың ең тиімді нүктесіне базальды ганглиядағы шамамен 4×5 мм құрылымға дәл орналастырамыз. Тәжірибелі нейрофизиологтер тіпті субталамикалық ядроны оның «дыбысы» арқылы ажырата алатын деңгейге жетеді. Бұл медицинадағы дәлдіктің жаңа деңгейі», дейді ғалым.

Ғалымжан мен оның әріптестері қазір интраоперациялық жаңа әдіс әзірлеп отыр. Бұл тәсіл арқылы операция барысында бір мезгілде миға стимуляция жасап, сонымен қатар нейрондардың реакциясын тіркеуге мүмкіндік туады. Бұған дейін мұндай тәсіл техникалық тұрғыда күрделі саналып келген еді. Жаңа протокол DBS әдісінің нақты әсер ету механизмдерін тереңірек түсінуге жол ашып, болашақта әр науқасқа жеке бейімделген емдеу жүйесін қалыптастыруға негіз болмақ.

Қазір зерттеу жұмысының алғашқы нәтижелері дайындалып, ғылыми мақала жариялауға ұсынылған. Алдын ала қорытындылар бұл бағыттағы ізденістердің үлкен ғылыми жаңалықтарға бастайтынын аңғартады. Шетелде табысты еңбек етіп жүргеніне қарамастан, Ғалымжан Қазақстан ғылымымен байланысын үзген емес. Ол «The Global Central Asian Science and Technology (CAST) Association» ұйымының негізін қалаушылардың бірі және вице-президенті ретінде әлемнің 30-дан астам елінде жұмыс істейтін 150-ден астам отандық және орталықазиялық ғалымды біріктіріп отыр. Ұйым жас зерттеушілерге халықаралық тағылымдамалар табуға, ғылыми байланыстар орнатуға қолдау көрсету үстінде.

«Шетелде жүрген қазақ ғалымдарының елге қосатын үлесі жоғары. Қазір сан-салалы сынақтан өтіп, әлемнің жетекші ғылыми орындарында жұмыс істеп жүрген отандастарымыз өте көп. Біздің «Qazaq International Science and Technology Association» ұйымында алпыстан астам профессор бар. Олардың әрқайсысымен сөйлессеңіз, елдегі ғылым саласын дамытуға әрқашан дайын. Ең үлкен мәселе – олар мен елімізді байланыстыратын арнаулы ұйым жоқ. Қазір осы міндетті біз атқарып жатырмыз. «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында шетелде білім алғысы келген ізденушілердің шетелде ғылыми институт, зертхана табуына көмектесіп келеміз. Сонымен бірге біз тек Қазақстан ғана емес, Орталық Азиядан шыққан профессорлардың шетелдегі зерттеулеріне қол ұшын береміз. Жақында отызға жуық ізденушімен сұхбаттастық, солардың ішінен тоғыз зерттеуші шетелдегі зертханаларда өз біліктілігін арттыруға дайын», дейді ол.

Қазіргі жаһандану дәуірінде шетелде жүрген қандастарымыздың ортақ мәселесі ұлттық болмысты сақтау, балаларына ана тілін, мәдениетін үйрету екені шындық. Көптүрлі мәдениеттер арасында, басым тіл мен менталитеттер тоғысында ұлттық болмысты көздің қарашығындай сақтай алған отбасылар да бар. Соның бірі – Ғалымжан Исабековтің отбасы екенін де айта кеткеніміз жөн.

Оның сөзінше, ұлттық болмыс – тек тіл немесе дәстүр емес, бұл – сол адамның дүниетанымы. Қай жерде жүрсеңіз де, өзіңіздің кім екеніңізді ұмытпау бәрінен маңызды. Сонымен қатар қарапайым құндылық – үлкенге құрмет, кішіге ізет – қай ортада болса да қажет. Шетелде жүргенде сіз өз еліңіздің бейресми өкіліне айналасыз. Сондықтан өз мәдениетіңізді лайықты деңгейде көрсету – жауапкершілік. «Біз отбасымызда балаларымызбен қазақша, ағылшынша сөйлесеміз. Негізі балалар бәрін түсінеді. Өз елінің жағдайын, елде қалған туыстарын балаларымыз жақсы біледі. Тіпті кейде қашан Қазақстанға барамыз деп жиі сұрайды. Сонымен бірге шетелде өскен қазақ балалары әлемдік ортада өскен, тәрбиеленген ұрпақ санатында. Болашақта олар өз еліне үлесін қоса алатынына сеніміміз мол. Ата-анасы ұлттық тәрбиеге көңіл бөлсе, балалар да өз болмысын сақтауға, соның ерекшеліктерін сезінуге тырысады. Мысалы, ана тілінде сөйлесу, ұлттық дәстүрлерді атап өту, балаларға қазақ мәдениетін түсіндіру деген дағдылар үнемі қайталанып отырғаны дұрыс. Бұл мәселеде ең маңыздысы – тұрақтылық пен жүйелілік», дейді ғалым.

Ғалымжан әр елдің білім жүйесін саралай келе, олардың өзіндік ерекшеліктеріне назар аударады: Қытайдағы тәртіп пен еңбекқорлық, Жапониядағы ұстазға құрмет пен командалық мәдениет, АҚШ-тағы еркіндік пен креативтілік, Германиядағы жүйелілік пен ғылыми дербестік. Оның пікірінше, еліміз осы тәжірибелерді үйлестіре отырып, ұлттық болмысқа сай білім моделін қалыптастыруға тиіс.

Сөз арасында кейіпкеріміз-ге болашақта шетелде білім алғысы келетін қазақ жастарына қандай кеңес айтатынын да сұрап көрдік. «Ең алдымен, нақты мақсатпен бару керек. Қай салада дамығыңыз келеді, не үйренгіңіз келеді – соны анық түсіну маңызды. Екіншіден, тек білім алып қана қоймай, ғылыми ортаға белсенді араласу керек. Байланыс орнату, жобаларға қатысу – бұл өте маңызды. Үшіншіден, ең маңыздысы бәсекелестік керек. Бір сөзбен айтқанда, Батыс әлемінің үйрететіні – бәсекелестік», дейді Ғ.Исабеков.

Жас ғалымның айтуынша, ғылыми жолды таңдаған жастарға ең маңыздысы – университеттің атағы емес, сапалы ғылыми орта мен білікті жетекші. «PhD – бұл жай ғана дәреже емес, жаңа білім тудыру қабілетін қалыптастыратын кезең», дейді ол. Ғалымжан Исабековтің ғылыми жолы – табандылық пен үздіксіз ізденістің, халықаралық тәжірибенің нәтижесі. Ол ми тереңіндегі әлсіз сигналдарды зерттей отырып, болашақ медицинаның бағыт-бағдарын айқындауға үлес қосып келеді. Бұл – қазақ ғылымының жаңа буыны әлемдік деңгейде өз орнын таба бастағанының айқын көрінісі.

Академик, ұстаз тағылымы

Биыл көрнекті ғалым, академик Күләш Құнантайқызының туғанына 95 жыл толып отыр. Осыған орай ардақты тұлғаның туған жері – Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Бозанбай орта мектебінде ғылыми-практикалық конференция өтті.

Күләш Құнантайқызы – қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы педагогика ғылымдарының докторы. Ұлттық ғылым академиясының академигі. Бірқатар лауазымды қызмет атқарған. Қазақ КСР Жоғары және орта білім министрінің орынбасары болды. Әсіресе Құнантайқызының басқару қабілеті мен ұйымдастырушылық шеберлігі Қазақ қыздар педагогикалық институтының ректоры болған жылдары жарқырап көрінді. Еліміздегі бірегей білім ордасының материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салды. Оның басшылығымен жаңа оқу корпусы бой көтеріп, студенттер жатақханасы салынды. Институт қызметкерлеріне көппәтерлі үй тұрғызылды. Қысқасы, қазақ қыздарының алаңсыз білім алуына толық жағдай жасады. Бір жағынан, ғалым басшылық қызметте жүріп, ғылымнан да қол үзбеді. Қаншама шәкірт тәрбиеледі. Ол кісінің жетекшілігімен 4 ғылым докторы мен 20-дан астам ғылым кандидаты даярланды.

Аталған ғылыми конференцияда айтулы академиктің ғылыми-педагогикалық мұрасымен бірге заманауи білім жүйесінде тиімді оқыту әдістерін қолдануға бағыт беру мәселелері қозғалды. Сондай-ақ ғылым қайраткерінің педагогикалық идеялары мен ғылыми тұжырымдарының бүгінгі білім саласындағы маңызына да мән берілді.

Конференцияға еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының ғалымдары онлайн қатысты. Айталық, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Әмина Әмірова, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры Мәрияш Мұқашева, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Перизат Сейітқазы академиктің ғылыми еңбектері мен педагогика ғылымындағы орны туралы мазмұнды баяндама жасады. Онда ғалымның зерттеулері қазақ педагогикасының дамуына тың серпін бергені атап өтілді. Әсіресе академик Күләш Құнантайқызының мектеп ұйымдарының қалыптасуы мен тәрбие жүйесінің эволюциясы жөніндегі еңбектері бүгінге дейін құнды дереккөз екені айтылды. Жиын аясында «cross-training» алаңы ұйымдастырылды. Мұнда пән мұғалімдері заманауи оқыту әдістері мен цифрлық технологияларды білім үдерісіне енгізу және оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары жайында пікір алмасты. Бұл алаңда ұстаздар бірлескен жобаларын ұсынып, инновациялық педагогикалық тәсілдерді талқылады.

Күләш Құнантайқызының мерейтойына арналған іс-шаралар легі Ұлан ауданының өзге білім ордаларында да жалғасты. Мәселен, Сәрсен Аманжолов атындағы орта мектепте «Ұлан – ғалымдар түлеткен киелі мекен» атты ардагер ұстаздармен кездесу өтті. Оған ғалымның немере інісі Орал Құнафин қатысып, бірегей тұлғаның адами болмысы мен қайраткерлігі жайында әңгімеледі.

Сонымен бірге мазмұнды кешке жерлесіміз, Астана халықаралық университетінің ректоры Анар Мырзағалиева, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Нұржамал Сманова, ғалымның жиені Сәуле Ыбыраева онлайн қатысып, әсерлі естеліктерімен бөлісті. Академик туралы арнайы көрме ұйымдастырылып, оған ұлағатты ұстазға қатысты құжаттар мен фотосуреттер қойылды.

Әлия ӘБІШЕВА,
Ұлан аудандық білім бөлімінің әдіскері

Шығыс Қазақстан облысы

Су сүзгілері өндіріледі

Ғылым саласында жылжу бар. Әттеген-ай дейтініміз, ашылған жаңалықтар зертхана үстелінде ғана қалып қойып жатқан көрінеді. Оған себеп, өндіріс ошақтары кемшін. Күні кеше Сәрсен Аманжолов университетінің физика-математика корпусында ғылыммен айналысып жүрген азаматтардың еңбектерін көзбен көрдік. Бүгінгі қоғамға қажет дүниелер шығарып жатыр. Тіпті су сүзуге арналған үш секциялы сүзгілерін патенттеп те алған.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Қалтарыстағы еңселі бөлмеге кіріп барғанымызда, ортадағы станок тынымсыз жұмыс істеп тұрған-ды. Астынан аппақ пластмасса стақандар топырлап түсіп жатты. Екі минутта біреуін шығарады екен. Зертханашылардың бірі анау басынан қаптағы түйіршіктерді белгілі мөлшерде салып отырады. Алып аппараттың ішінде қандай үдеріс жүріп жатқанын болжау қиын емес. Білуімізше, түйіршіктерді станоктың бір бөлігінде ерітіп, екінші бөлігінде қалыпқа соғады да, стақан етіп шығара береді. Сұранысқа қарай кез келген қалыпты қойып, басқа да дүниелер шығаруға болатын секілді. Мұндағы ғалымдар су сүзгілерін бастан-аяқ өздері өндіреді. Ең қызығы, стақан ішіндегі сүзгілер таза табиғи материалдан жасалады.

«Кәдімгі өсімдік қалдықтарын өртеу арқылы көмір, целлюлоза аламыз. Мынау аппақ ұнтақ кәдімгі қағаз жасайтын шикізат. Оны микроскоппен қарасаңыз, ұзын-ұзын талшықтар көрінеді. Мұны мөлшеріне қарай желіммен араластырып, престесеңіз, күнделікті қолданып жүрген қағаз шығады. Алайда бізде өндіріс жоқ. Кімде-кім қағаз шығарамын десе, зертханадағы жасап жатқан дүниелеріміздің алып бармаймыз ба? Өкініштісі, өндіріс жоқ», дейді С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ұжымдық қолданыстағы ұлттық ғылыми зертхана меңгерушісі Қыдырмолла Ақатан.

Көрдіңіз бе, ғалымдар өнім формуласын ойластырып, дайындап қойған. Өкініштісі сол, зертханадан ары шықпайды. Мұнда жазуға арналған қағаз ғана емес, түр-түрін жасаудың жолын қарастырған. Майлықтан бастап, қағаз дорбаға пайдаланатын қағаздарға дейін бар. Рас, экологиялық өнім – кәсіптің көзі. Сонымен қатар топырақ құнарын арттыруға бағытталған гидрогель де ойластырған.

«Жауын-шашын азайып, құрғақшылық болған кездері гидрогель өз бойындағы ылғалды өсімдікке беріп, қайта сіңіріп алу қасиетіне ие. Оның үстіне, бактерияға қарсы қасиеті де бар. Бұлар күнбағыс тұқымының қауызынан, күріш сабанынан алынған микрокристалды биоматериалдар», дейді аға ғылыми қызметкер Айнұр Құмарбекқызы.

Айтқандай, зертханалардың бірінде су сүзгілерінің стақандары құйылып жатса, енді бірінде биоматериалдан жасалған сүзгілер өндіріледі. Оны жүзеге асыру үшін ғалымдар өсімдік биомассасын өртеу арқылы көмір алады. Соны ғой, сүзгі ретінде пайдаланып жүргендері. Химия ғылымдарының PhD Қыдырмолла Ақатанның айтуынша, бұл сүзгілер суды тазартудың өзінде құрамындағы пайдалы элементтерді сақтап қалады. Ал көпқабатты тұрғын үйлердің бүйірінде тұратын сүзгілер судың түгін қалдырмай сүзіп шығады. Демек, ондай судың не пайдасы, не зияны жоқ.

Суретті түсірген – автор

Университеттегі таза су сүзгілерін жасау жобасы «AguaSaf» атты республикалық патент алып, енді коммерцияландыруды жоспарлап отыр. Бұл сүзгілер нарыққа шықса, бағасы қолжетімді, сапасы жоғары болары анық. Сонымен қатар жоғарыда айтқандай, қағаз өндіру секілді жұмыспен айналысуға бел буған кәсіпкерлерге де жоғары оқу орны ғалымдары қолдау көрсетуге әзір.

Шығыс Қазақстан облысы

МҰҚАН ИМАНЖАНОВ – 110

Әдебиет бапкері

Әдеби орта да өзінше бір қоғам, ондағы адамдар да бір-біріне қарсы боп, топ-топ боп бөлініп, сондай-ақ бірін-бірі қолдап, бірігіп, жекелеген адамдар өзара дос, ағаініні боп, ұстаз бен шәкірт деңгейіне де көтеріліп жатады. Сол секілді қаншама адамға шуағын шашып, демеген кісілердің есімі де ерекше ықыласпен тілге тиек етіледі. Сондай есімдердің бірі – Мұқан Иманжанов.

Мұқан туып-өскен ортасы мен уақытының талаптарына көнбей, өзі көксеген өмірге ұмтылған, сол жолда аянбаған адам екенін шамалауға болады. Әкесі Иманжан әрі ақын, әрі көрген-білгенін қағазға түсірген, қазіргіше айтқанда зерттеуші (мұрағаттағы қолжазбалары енді зерттеліп жатыр), әрі қай заманда өмір сүрсе де сыйлы бола білген дүмді кісі. Мұқан сол әкенің дегенімен жүрмей, оқу іздеп Алматыға кетуі – Абай балаларын сынағанда Михаэлистің: «Балаларың сенің төбең көрінбейтін жерге кетуі керек», дегенін еске түсіреді.

Алматыға кеткен соң Мұқан өкпесіне суық тигізіп, созылмалы ауруға шалдығып, өмірмен ерте қоштасқанын естеліктерден жақсы білеміз. Бірақ Мұзафар Әлімбаев: «Дімкәстігіне қарамай, Мұқан дені сау әрі өзінен жасырақ бізден әлдеқайда көп еңбектенетін», дейді. Оны тынымсыз өткен – өзі аңсаған биік деңгейлі әдебиет еді. Ізденіске толы тынымсыз да қысқа ғұмырында бізге «Алғашқы айлар» сынды сол уақытқа жаңалық болған повесі мен бірнеше әңгімесін сыйлағаннан бөлек, бірқатар ақын-жазушының көпшілікке танылуына да себепкер болыпты. С.Қирабаев, Т.Әлімқұлов, Ә.Нұрпейісов, Б.Соқпақбаев, М.Әлімбаев, З.Қабдолов, Ә.Нұршайықов, А.Нұрқатов, М.Әлімбаев, С.Сарғасқаев, З.Иманбаев, Ө.Қанахин, Т.Молдағалиев, Е.Ебікенов, Қ.Мырзалиев, Ә.Мәмбетов, Ә.Дүйсенбиев, С.Жиенбаев, Ш.Мұхамеджанов, Қ.Ыдырысов, З.Шүкіров, С.Баязитов, Ә.Нәбиев, Н.Сералиев, К.Тоқаев, тағы басқа қазір аты есімде жоқ көп жастардың әдебиетке бетін Мұқан ашты», деп жазады.

Джек Лондонның кейіпкері Мартин Иден газет-журналға жазғанын бастыра алмай, әбден қиналғанда редакциядағыларға ренжіп, олардың бәрі өздері жаза алмай, енді жаза алатындарға өш екенін меңзеп: «Әдебиеттің кірер есігін сол бірөңкей талантсыз төбеттер қоритын болған», дейтіні бар еді. Ал Мұқан Иманжанов ондай келеңсіздікке қарсы күрескенін көреміз.

«Пионерде» істеп жүргенінде оқушы балалардың тырнақалды туындыларын басып, оларға жауап хат жолдап, ағалық қылып жүрген кезін еске алып, Сансызбай Сарғасқаев былай дейді: «Мұқанның жас қаламгерлерге деген қамқорлығын, олардың сәтті шығармаларына жас балаша қуанғанын талай көрдім». Ал «Социалистік Қазақстанда» істеген кезінде өңірлерде жүрген талапты жастарды баулып, жарыққа шығарғанын Әзілхан Нұршайықов пен Тәкен Әлімқұловтардың естелігінен анық байқаймыз.

Өзінің қанаттастарына, інілеріне де сондай жанашырлық танытып, шығармашылық туралы әңгіме болса, бір-бірінің әңгімелерін талқыласа да жанын сала кіріседі екен. Кемел Тоқаев «Көмескі із» повесін жазарда ойын Мұқан Иманжановқа айтып беріп, сонда ол кісінің былай дегенін еске алады: «Бізде детектив жанры атымен жоқ. Егер сен осы жанрды бастап кетсең, әдебиетіміздегі үлкен олқылықты толтырған болар едің». Кейін Кемел үзеңгілес ағасы артқан сол жүкті жетер жеріне жеткізді де.

Мұзафар Әлімбаев Мұқанның осы қасиетін айта келе, былай деп дәл баға берген екен: «Театр терминін қолдансақ, Иманжанов әдеби сахнадан өзі көзге көрінбеген, шымылдық сыртында қалған, бірақ талайдың өнерін шыңдаған білгір режиссер болатын».

Әлбетте, аты аталған жазушылар Мұқандай ұстазы болмаса, танылмай қалар еді деуге болмайды. Бірақ кез келген өнер иесін дәл уағында демеп, қанаттандыру өте маңызды. Және ең қызығы, кейін қазақ әдебиетіне әрқайсы өзінше үлес қосқан осынша көп адам сондай аяулы жан ретінде қырық екі-ақ жыл өмір сүрген Мұқанды еске алатыны.

Көпке көмектескісі кеп тұратын Мұқанның дархан мінезін сөз еткен соң, оған рахмет айта білген, жақсылығын ұмытпай жазып кеткен шәкірт інілерінің де мәрттігін айта кеткеніміз әділ болар.

Жан баласын күндемей, өзі құмартқан әдебиеттің халін жалғызындай уайым қылып, жетпей тұрған тұсын жеткізе алатын жастарға бар ақылын айтып, өзіне өзі міндет етіп алған интеллектуалдық майданның ішінде күресе жүріп дүниеден өткен Мұқанның туғанына биыл – 110 жыл. Осыған орай әдебиет бапкерінің атын көпшіліктің есіне бір салып қоюды жөн көрдік.

Арман ӘЛМЕНБЕТ,
Президенттік арнаулы әдеби сыйлықтың иегері

МАНАРБЕК ЕРЖАНОВ – 125

Ән-аманат

1983 жылдың сәуірінде Жамбыл облысынан «Халық – талант қайнары» бағдарламасымен Алматы қаласына жол түсті. Облыстық филармония ұжымы, өзге салада еңбек етіп жүрген жастар бірге аттандық. Ол кезде мен Жамбыл қаласындағы фабрикада жұмыс істейтін қарапайым еңбек адамы едім. Филармонияның көркемдік жетекшісі Бағдат аға арнайы ізденіп келіп, Алматыға баратын құрамға қосатынын айтты.

– Қандай әндерің бар? – дегенде, Манарбек Ержановтың «Сайра, бұлбұлы» мен Кенен Әзірбаев атамыздың «Көкшолағын» айтып жүретінімді жеткіздім. Бағдарламада «Сайра, бұлбұл» бар екен. Оны елге танымал әнші Алтынбек Оразбеков орындайтыны белгілі болды. Содан мен Кенен атамыздың «Көкшолағын» орындауға бекідім.

Алматыға аттанардың алдында қолыма бір асыл қазына тиді. Үйіне барған Әбиірбек Тінәлиев ағамыз маған магнитофон таспасын ұсынып:

– Тыңда, бұл – керемет дүние, – деді. Сөйтсем, ол жазушы Ақселеу Сейдімбек пен әнші Жәнібек Кәрменов жүргізген «Асыл мұра» хабары екен. Сол хабардағы саз бен сөз мені жетелеп, Алматыға келген бетте арнайы барып Алматы эстрада-цирк студиясын тауып, Жәнібек ағамен жүздестім.

– Қандай ән айтасың? – деді ол.

Теледидарға дайындап келген «Көкшолақты» орындап бердім. Ағамыз да, шәкірттері де разы болды.

– Тағы қандай әнің бар? – дегенде, Манарбектің «Сайра, бұлбұлын» айтамын дедім. Әнді бастап кеттім. Бір сәт көз қиығыммен Жәнібек ағама қарасам, қабағы түйіліп, үнсіз тыңдап отыр екен. Ішімнен: «Дұрыс айта алмадым ба?», деп қысылып қалдым. Ән аяқталғанда ол жай ғана: «Бұл әнді кімнен үйрендің?» деп сұрады. «Алтынбек Оразбеков ағадан», дедім. Сонда Жәнібек ағамыз шәкірттеріне бұрылып, салмақты әңгіме бастады.

– 1966 жылы гастрольде жүріп, Жүсіпбек Елебеков аталарың екеумізге шұғыл телеграмма келді. «Манарбек Ержанов қатты ауырып жатыр, сізді іздеп жатыр», деп жазылған екен. Ешқайда соқпастан, тура Манарбектің үйіне бардық.

Екі алыптың үнсіз сырласқан сәтін көз алдына елестеткендей болып, біз де тына қалдық. Сол бір қысқа ғана әңгіме арқылы Жәнібек аға бізге бір нәрсені ұқтырды. Манарбектің әнін айту – ән айту ғана емес, тұтас бір мектептің, тұтас бір дәстүрдің жауапкершілігін көтеру екенін түсіндірді.

Манарбек Ержанов – Арқа ән дәстүрінің алып тұлғасы. Ол – әнші, композитор, күйші, актер, Қазақстанның халық әртісі. Өнерге деген ынтызарлықты анасы Нақбаладан сіңірген, алғашқы ұстазы – әнші әрі күйші Күсенбай. Кейін оның өнер өрісінің кеңеюіне Шашубай Қошқарбайұлы мен Әміре Қашаубаевтың ықпалы тиген. Жастайынан Біржан сал, Ақан сері, Естай, Жарылғапберді сынды алыптардың мұрасын бойына сіңіріп, ел ішіне ерте танылды. 1928 жылдан театр сахнасына шығып, кейін опера өнерінің биігіне көтерілді. Ұзақ жылдар бойы Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры сахнасында Жарас, Әзім, Естай, Шеге секілді күрделі бейнелерді сомдап, әншілік пен актерлікті бір арнада тоғыстырды.

Өмірінің соңғы кезеңінде Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы сахнасында жеке дауыстағы әнші ретінде ел аралап, терме мен желдірмені, кең тынысты Арқа әндерін халыққа қайта жаңғыртып жеткізді. «Ардақ», «Балқадиша», «Хорлан», «Ақ сиса», «Толыбай», «Жанбота» сияқты жауһарларды өзіне ғана тән нақышпен орындап, тыңдаушы жүрегіне жол тапты.

Манарбек – тек орындаушы емес, асқан сазгер. «Сайра, бұлбұл», «Паровоз», «Әнші Біржанға», «Амангелді» секілді әндері мен күйлері ұлттық музыка қорына айналды. Ол Арқа әнінің сахналық үлгісін қалыптастырып, өзіндік орындаушылық мектеп жасады. Манарбектің өнер жолын терең білетін академик Ахмет Жұбанов оның бала кезден жетімдікті көріп, соған мойымай, домбыра мен әнді серік етіп өскенін айта отырып, қайсар мінезі мен табандылығы үлкен өнерге жол ашқанын жазған. Ал әйгілі музыка зерттеушісі Борис Астафьев Манарбектің даусын тыңдап отырып: «Қазақтың кең сахарасын

Мәскеудің төріне алып келген әнші», деп таңданысын білдіргені ел есінде. Бұл жайында Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» кітабында әсерлі естелік сақталған.

Сол бір 1983 жылғы кездесуде Жәнібек Кәрменов ағамыздың қабағы неге түйілгенін мен кейін ғана терең түсіндім. Бұл – бір әннің емес, Манарбек Ержанов қалыптастырған ұлы мектептің, Арқа әнінің аманаты еді.

Сол аманат – әнді дәл айту емес, рухын дәл жеткізу. Сол аманат – сахнаға шыққанда, Манарбектің кең тынысын, Жүсіпбектің тазалығын, Жәнібектің талғампаздығын бірге алып шығу. Ұстаздың үнсіз ескертуі – менің өнер жолындағы ең қымбат сабағыма айналды.

«Ал Мәке, бір Құдай жар болсын! Дертіңізге шипасын берсін» деп қоштасып бөлмеден қозғалғанымыз сол еді, Манарбек аталарыңның даусы шықты:

«Әй, Жүсіпбек! Ғарифолла екеулеріңнің армандарың жоқ. Соңдарыңнан шәкірт қалдырып бара жатырсыңдар. Ал мен арманда кетіп бара жатырмын. Егер менің әнімді біреу орындап алдыңа келіп жатса, саған – аманат, соны тура жолға саларсың», деді».

Осыны айтқан Жәнібек ағамыз бізге қарады да: «Міне, сол ұстазыма айтылған аманатты қазір орындауыма тура келіп тұр. Сен өзіңді оқуға түстім деп есептей бер, оқу басталғаннан кейін сені тек Манарбектің ән айту үлгісімен үйрететін боламын. Сен сол мектептің жолын ұстайсың», деді. Бұл – 1983 жылдың 7 сәуірі еді. Сол жылы мен оқуға түсіп, әншіліктің қыр-сырын ұстазымнан үйрене бастадым.

Манарбек Ержанов атамыз газетке берген бір сұхбатында: «Мен ауылда қой бағып жүріп ән салушы едім. Содан мені әнші бала атап кетті. Әміренің даңқы Парижге барып келген соң ел аузында болды. Менің ойымда Алматыға барып Әміреден ән үйрену болды. Алматыдан Әмірені тауып алып, ағамыздың үйінде бір жылдай бірге тұрып, Әміренің өз аузынан 30-ға жуық ән үйрендім», деген.

Қазақ өнерінің онкүндігіне байланысты жыр алыбы Жамбыл Жабаев бастаған өнер иелері Мәскеу қаласына жолға шығады. Пойызда кетіп бара жатып, сол жердегі композиторлар, ақындар, жазушылар, әншілерді шақырып: «Ей, балаларым, сендер неге пойыз туралы ән шығармайсыңдар?», деп Жамбыл ұсыныс айтады. Содан ақын Әбділдә Тәжібаев пен әнші, композитор, күйші Манарбек Ержанов екеуі «Паровоз» әнін шығарады. Жамбыл Жабаев пен Манарбек Ержанов тығыз шығармашылық байланыста болған. Халық термесі «Көк көгершінді» Манарбекке Жамбыл үйреткен. Жәкеңнің «Жетісу» өлеңіне Манарбек ән шығарған. Манарбек Ержанов ән айтудағы қағыс ерекшелігін Жамбыл Жабаевтан үйренуі мүмкін. Осындай сан қырлы өнер иесінің биылғы мерейтойы атаусыз қалмасына біз сенеміз. Қазақтың әні мен күйі бар да, өзі де өлмейді деп білеміз.

Дүйсенбек ӨМІРӘЛИЕВ,
«Алатау» дәстүрлі өнер театры «Домбырамен ән айту» бөлімінің жетекшісі

ЖӘДІГЕР

Жоғалып табылған сурет

Мына бір көпке танымал сурет 1921 жылы 5 мамыр күні Ташкент қаласының қарапайым шайханасында түсіріліпті. Бейнеде өзбекше киінген үш адам отыр. Бұлар сол тұстағы қазақтың бетке ұстар арыстары. Ортада отырған Міржақып Дулатұлы. Оған қорқор тұтатып беріп жатқан – Ғазымбек Бірімжанұлы. Ал оң жақта ақ шәйнектен шай құйып беруші – Ахметсафа Юсупов.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл фото туралы М.Дулатұлының артында қалған асыл тұяғы Гүлнар апай Міржақыпқызының естелігі бар. Онда: «Папам 1920 жылдары Ташкентке келіп, Түркістан республикасының органы «Ақ жол» газетінде қызмет істеп жүрген тұста шаһар тұрғындары, оның ішінде өзінің пікірлес, қаламдастары, бауырластары бір-бірін жақын тартып сыйласып тұрыпты. «Өзбек халқы меймандос, кеңпейілді, өте сыпайы, адамды тез баурап әкететін майда тілді жандар» деп айтып отыратын папам. Папам суретке түскенді тәуір көретін, өзінің айтуынша, бір күні өзбек жолдастары: «Мирякуб әфенді, қызық болсын, сіздер Шәйхантәуірде кейіфленіп қорқор тартып, жайылған дастарқан басында көк шай ішіп, Ғазымбек, Ахметсафа мырза үшеуіңіз гәпләшіп отырғандай суретке түсіп, бізге ескерткіш етіп қалдырыңыз деген соң осы суретті қалдырған екен. Суреттің төменгі жағына папам өз қолымен «Осартившиеся киргизы в чайхане, 5.V.1921 г.» деп жазыпты. Өзбек салты бойынша шапан киген адам мойнын жаппай, төсін ашық ұстайды екен. Оны білетін Ғазымбек Бірімжанов пен Ахметсафа Юсупов осы салтты сақтапты. Ал папамның көйлегінің жағасы шапанының ішінен көрініп тұр. Осы жайында папам: «Қасымдағы Ғазымбек пен Ахметсафа бәрін аңғаратын жастар емес пе, менің есіме салмағандықтан өзбекше киінгеніммен қазақтығым бір бүйірінен бұлтиып көрініп тұрғанын көрмейсіңдер ме?», деп мәз болып, қарқылдап күлетін», деп жазыпты (Ғазымбек Бірімжанов. Шығармалар жинағы. – Алматы: 2021 ж. 180-б).

Қысқасы, бұл сурет – Торғай топырағынан шыққан үш азаматтың бір-біріне деген жақындығының, достығының белгісі іспетті. Ол күндер туралы Алаш арысының қызы Гүлнар апамыз: «Ғазымбек аға бес-алты жастағы менің шүлдірлеген тілімді қызық көріп, оны-мұны айтқызып, сөйлете береді екен. «Мына Гүлнардың мұрны біздің арғындарға тартпаған, сірә, түнде тістеп тастауым керек шығар», депті. Мен ағаның сөзін шын көріп, бүркеніп ұйықтап қалыппын. Ертеңіне ояна: «Мама, мама, мұрным өзімде», деп қуаныппын» деп жазады.

Өткен ғасырдың 30-жылдары заман өзгереді. «Қазағым дегенде жүрек майын шам қылған» (С.Торайғыров) арыстардың басына күн туады. Алды түрмеге қамалып, көбі жазықсыз атылды.

Содан бертінде Міржақып атамыздың жары Ғанижамал (Гая) өзі дүниеден өтерінен бір тәулік бұрын, яғни 1940 жылы 15 қыркүйек күні 25 жастағы жалғыз қызы Гүлнарды шақырып алып: «Гүлнар, сенің көңіліңе қарап, айтар сөзімді кейінге қалдыра беруші едім, соның реті бүгін келген сияқты, сен мені тыңда! Сөзімді жадыңа мықтап сақта! Менің халім бітті. Соңымда жалғыз қалып барасың. Сүйенер кісің де жоқ. Бірақ қолың аузыңа жетті. Міржақыптың мұрагері сенсің. Папаңның киімдерін, құжаттарын, суреттерін қолыңнан шығарып алмай сақта!» деп ақырғы өсиетін айтып, қолындағы сақинасын сыпырып алып, қызының саусағына кигізеді де бір дүркін терең дем алып, бақиға аттанған екен («Жұлдыз» журналы. 2015. №10. 172 - б).

Осы оқиғадан кейін Гүлнар апамыз әке мұрасынан көз жазып қалмау мақсатында қолынан келгеннің бәрін істеп баққан. «Бұл құнды дүниелер өз қолымда тұрса, тіміскілеген біреулердің қырына шалынып, айырылып қалармын» деген күдікпен, Шымкентте тұратын анасының үлкен апасы Сара мен әкесінің бажасы Ахметсафа Юсуповтың қызы – өзінің бөлесі Ләйлиге сақтап беріңдер деп аманаттайды.

Кейін, шамамен 1960 жылдары болса керек, Гүлнар апамыз нағашы апасы мен бөлесіне сақтауға берген жәдігерлерін алуға барады. «Сақтауға берген дүниелерімнің тізімін көрсем, әкемнің «Азамат» атты өлеңдер жинағы және Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабының 1927 жылы шыққан алғашқы нұсқасы, сонымен қатар әкемнің 1921 жылы достарымен (Ғазымбек, Ахметсафа) бірге түскен осы суреті жоқ болып шықты. Туыстарына қатты ренжідім, әсіресе суреттің жоғалғаны жаныма батты» деп жазыпты апамыз кейінгі естеліктерінде.

Үздіксіз іздестірудің нәтижесінде Гүлнар Міржақыпқызы 1985 жылы Шымкентте тұратын бөлесі Серік Юсуповтың үйінен мына фотоны тауып алыпты. «Қуанғаным соншалық, сол жерде суретті фотостудияға барып бірқанша нұсқа көбейтіп, түпнұсқасын өзім алдым да, көшірмелерін туысқандарға таратып бердім», деп еске алыпты апамыз.

ЕСІМІ ЕЛГЕ ЕЛЕУЛІ

Өмірзақтың өнегелі жолы

Әкесі Қажымғали 1941 жылы қаралы майданға аттанғанда, артында аманаттай болып сол жылдың 9 сәуірінде өмірге келген жеті айлық ұлы Өмірзақ қалған еді. Қосағы Сәмиян ұжымшардың қара жұмысына жегілсе де, перзентін бесігінде тербеп, әлдиімен уатуға уақыт тапты.

1943 жылы Қажымғалидың оққа ұшқаны туралы қаралы қағаз келді. Қанша жыласа да, артында қалған тұяғы Өмірзақтың барына шүкір деді. Өмірзақ 1957 жылы тұрғыластарының маңдайалды болып, Абай атындағы білім ордасын бітірді. Оның бойындағы қабілеті мен әдебиетке құмарлығы осы кезде көрінді. Әсіресе студент шағында жалт етті де, кейін шаруашылықпен бірге өлтірмей ала жүргенінің өзі ерлік деуге тұрарлық. Әкесі Қажымғалидың туған бауыры Батырғали ағасы соғыстан аман оралып, ішкі істер қызметіне жұмысқа орналасты. Ол жалғыз ұяласынан қалған көзді өз қаным деп, Өмірзағына өз балаларынан бұрын бәйек болды. Өмірзақ әке орнына әке болған ағасы Батырғали мен анасы Сәмиянның ортақ ұйғарымына қарсы келе алмады. Сөйтіп, Гурьевтегі (Атырау) зоотехникалық мал дәрігерлік техникумына оқуға түсті.

Техникумды бітіріп, мал фельдшері деген диплом алды. Жас маман Сүйіндік кеңшарына жұмысқа жіберіліп, алмастай жарқылдады. Қабілет-қарымына дүрбі салып қарайтын сол кездегі партия билігі оған «Правда» мал дәрігерлік учаскесінің басшылығын сеніп тапсырды. Ал 1962 жылы ауданның Құрманғазы атындағы кеңшарына ферма басқарушысы етіп жіберілді. Осында сегіз жыл үзбестен үлкен фермаға жетекшілік еткен ол малдың мың-мыңдап төліне төл қосты. Құрманғазы (Теңіз) ауданының үздік фермасы дәрежесіне жеткізді.

1974 жылы қайыра Азғыр өңіріне келіп, осындағы Балқұдық аталатын үлкен кеңшарда төрт жыл қатарынан бас мал дәрігері болып жұмыс істеді. Аудан, облыс, республикадағы озық кадрлар сапына іліккен Өмірзақ Қажымғалиұлы аудандағы Калинин атындағы кеңшарға партия комитетінің хатшылығына тағайындалды. Арада екі жыл өткенде, яғни 1976 жылы осы шаруашылықтың директоры болды. Осы Калинин атындағы кеңшарды 1987 жылға дейін басқарып, атын республикаға мәлім етті. Алғыр да алымды, көппен жұмыс істеу тәжірибесі жинақталған Өмірзақ Қажымғалиұлы Теңіз (Құрманғазы) ауданы Агроөнеркәсіп кешенінің төрағасы, аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметін алға жетеледі. Ал 1992 жылы осы ауданның «Коммунизм жолы» кеңшарының директоры атанды.

Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болып құрылғанда, аудандағы бірнеше кеңшар тарады. Ал Өмірзақ «Коммунизм жолы» кеңшарын «Мақаш» ұжымдық шаруашылығы етіп қайта құрды. Арада бес жыл өткенде өндірістік кооперативке айналдырды. Өмірзақ Қажымғалиұлы осы кооперативтің жұмысын алға жетеледі. Сонымен қатар ол халқына еңбегі сіңген, кеңестік жүйеде тұмшаланып келген тарихи тұлғалардың жарқын істерін ел жадында сіңіруге мән берді. Студент кезінде қылаң беріп, кейін де шаруашылықпен қоса елеусіз алып жүрген шығармашылығын да өркендеткен жемісті жылдары еді бұл. Өзі басқарған өндірістік ұжымға туған халқына адал қызметімен танылған көрнекті тұлға Мақаш атауын беруі кеңестік жаттанды, қасаң қағидадан арылып, адамдардың санасына баба рухын сіңірудің таңғажайып үлгісі-тұғын. Сондай-ақ бірегей қайраткер тұлғаның атына арнайы қор құрып, оның басына айшықты ақ кесене тұрғызудың басы-қасында болып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

Жылдар өтіп, жапырағын молынан жайған ел ағасы тұсында Өмірзақ Қажымғалиұлының бал бұлақтай сыздықтап аққан екі-үш прозалық кітабы шықты. 1986 жылы жарық көрген тұңғышы – «Биіктерге беталыс». Бұл кітабы – өзі басқарған шаруашылық өмірі, жетістіктер сыры, адамдармен қарым-қатынас, түрлі-түрлі мінез иелері жайында баяндалатын публицистикалық шығарма. Қаламгер қайнаған шаруаның бел ортасында жүріп, 2001 жылы «Жолдар-жылдар» деп аталатын қалың кітабын шығарды. Аты айтып тұрғандай, өткен жылдарда, кешкен жолдарда кезіктірген тағдыр сыйы, өмір бастауынан азаматтық шақ арасындағы қилы-қилы бастан кешкендері. Мұнда еңсе басқан ездер де, етектен тартқан енжарлар да, қолтықтан демеп, шалыс басудан сақтандырған салиқалы жандар да кездеседі. Алғашқы міндет арқалаған күндер, ел танығаң, жер киесін сезінген, алғашқы махаббатпен, атойлап соққан жүрек лүпілі, мастанған, мақтанған, жасқанған сәттер эссе, естеліктер, әңгімелер түрінде баяндалады. Өмірзақ Қажымғалиұлы жазба дүниесі деген киелі босағаны осы кітабын қолтықтап келіп аттады. Бұдан кейін текті тұлпар тұяғымен тас атып, біртебірте бауырын жаза, еркін көсіле түсті. «Нарынның нар үлдары», «Мүслимат», «Дариға-дәурен» романы, «Самғау» деректі хикаяты, «Мақашпен қауышу» кітабы, «Жанкешу» романы, «Қиял... Үміт...» хикаясы, «Қыран қияда» деректі хикаясы, «Кемел» романы, «Ғашық зар» хикаясы, «Жаңғырық» трилогиясы, «Орындалған арман» жарық көрді. Осы кітаптары кезінде әдеби ортадан жоғары бағасын алды.

Қаламгер Қажымғалиұлының прозалық шығармаларының қай-қайсысында да өмірде болған адамдардың тағдыры баяндалады. Кейіпкерлердің бастан кешкен жайларында сол кезеңнің тынысы кең қамтылады. Тарихи тұлғалар өмірін публицистикалық тұрғыда көрсетеді, әрқайсысына бір-бір көркем шығарма арнауы – жанкештілік. Автор өз түйсігіне тоқығандарын Астрахан, Қазан, Орал, Орда мұрағаттарында шұқшия отыруы арқасында толық дәлелдеп, тың мәліметтермен байыта түскен. «Алаштың Батырхайыры», «Нарын не дейді?», «Нарындық дворяндар», «Республиканың тұңғыш прокуроры», «Алтынды тот баспайды», «Дәуір жыршысы», «Жайсаң жандар», т.б. тақырыптармен берілген тарихи-танымдық шығармалары солай деуімізге негіз бола алады.

«Мақашпен қауышу» – жоғымызды түгендескен, төл тарихымызға қосылған сүбелі үлес. Мақаш – патша үкіметінің жымысқы саясатының ара-арасынан сыналап жарық тауып, туған халқының бақыты мен болашағы үшін талай тәуекелге барып, ел мен жердің қорғаны бола алған сұңғыла жан. Ұлы сазгер Құрманғазы осы Мақаштың арқасында даудан басы, кісеннен қолы босап, жасы ұлғайғанда біраз уақыт қуғын-сүргінсіз еркін өмір сүрген. «Мақашпен қауышуда» осы және басқа жайлар мұрағат деректері негізінде көркем тілмен баяндалады.

«Жанкешу» романы бастан-аяқ соғыс тақырыбын қаузайды. Сол бір қасіретті жылдардың барша қазақ ауылдарына салған ортақ ауыртпалығына жанымыз күйзеледі. Көлемді роман сол бір қиын-қыстау жылдардағы ел еңбеккерлерінің қайсарлық күресін, әйелдер мен шолақ белсенділердің қырғиқабақ текетіресін, ауыздағысын жырып, алдындағысын сыпырып майданға берген, жарым көңіл, жүдеу жүз ауыл бейнесін айнақатесіз көз алдыңа әкеледі. «Дариға-Дәурен» романы да – көнермес тақырып, өлмес дүние. Белгілі жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев аталған роман туралы кезінде былай депті: «Дариға-Дәурен» – роман-эссе. Шешен тіл, шежірелі тағдыр. Қыр жайлап өскен иен дала перзенттерінің адал махаббаты. Ақтарылған сезім, аяулы сыр-сұхбат, аңдаусыз айыптар, құлаш жыртар қызу еңбек – бәрі-бәрі жазғы рахман жаңбырдан кейін көкжиекке керіле қалған кемпірқосақ бояуындай көз қорықтырады, көңіл қуандырады. Шалқар мен Самал арасындағы іңкәрлік, бұл – мәңгілік махаббат жыры. Түнде берген уәдеден күндіз таятын ұшпа сезім емес, кәнігі қазақы мінезге сай мінсіз сезім. Шығармадағы Ажар, Гаухар, Меруерт, Мақпал, Тотылар – замана бейнелері жүйесін күшейтіп, толықтырып тұрған тұлғалар. Сөзбен соғылған ескерткіштің құрамдас бөліктері. Роман-эсседе мұнымен қоса сол даланың қыр асып кеткен қоңыраулы керуендей өткен тарихы, бабалар сөзі, байламы, еңбек ырғағы, сол кездегі елдің қоңторғай тірлігі, жастардың алуан мінезі, болмыс-бітімі, ғашықтық хикаясы тұтасып келіп, кең көлемді көріністі көз алдыңа әкеледі. Міне, сөзден бұйда ескен шеберлік деген осы! Ендеше, сәт сапар, сағынышқа толы сыр, жастықтың жалауы».

«Қыран-қияда» деп аталатын повесі де – оқырмандар арасында дүбір туғызған шығарма. Кітаптың басты кейіпкері – Мақсым Ізбасов. Повестен гөрі бір романның жүгін көтererлік шығармалардағы бүкіл оқиға желісі осы бір кейіпкердің төңірегінде өрбиді. Әрине, шығармада басқа да адам бейнелері шеберлікпен ашылған: олардың портреттік бет-бейнесі, мінез-құлқы, сезім-түйсігі, өзі өмір сүріп отырған қоғамда жеке тұлға ретінде қалыптаса алғаны жазушының қаламымен шебер суреттелген. Бейне сол кейіпкерлермен күнбе-күн кездесіп, сөйлесіп, олардың жандүниесін де терең білетіндей сезінесіз өзіңізді. Көргені де, түйгені де мол Шафих ақсақал, баладай аңғал қарапайым Ақбал апа, қазақ әйелдерінің үлгісіндей сұлу да парасатты Тамара, тіптен сонау бағзы жаугершілік заманындағы батырлар образы – бәрі де шынайы сомдалған. Алайда, бағамдап қарасаңыз, олардың бәрі де бір ғана басты кейіпкердің төңірегінде, сол кейіпкердің образын сомдауға қызмет жасап отырғанын да аңдайсыз. Бұл да жазушы шеберлігінің бір қырын көрсететіндей.

Қалам тартқандардың көпшілігі бара бермейтін трилогия жанрын тайсалмай қолға алып, сәтті шығарды. «Жаңғырық» трилогиясының «Кемел» кітабы жайында белгілі ақын Ғалым Жайлыбай: «Бұрқыраған бұлттай көшіп жатқан мынау аумалы-төкпелі дүниенің қабағын бағып, қара судан қаймақ қалқығандай, қара сөздің түбін түсіретін жазушы дегеннің өзі – шыныменде адам жанының инженері екенау! Алмағайып заманда елдің рухани дүниеден гөрі материалдық байлықты игеру үшін жанталасып жатқан кезеңде қаламды серік етіп, ақ қағаз бетіне елдің өткені мен бүгінін саралап жеткізетін үлкен кітап жазу оңай іс емес. Өткен өмір баспалдақтарына қайта үңіле отырып, өткен шаққа айналған естеліктерді жадында тірілтіп, өткен белестерін кітап етіп, жас ұрпаққа ұсыну екінің біріне бұйырмаған. Бізді осындай ойларға сүңгітіп жіберген – жазушы Өмірзақ Қажымғалиевтың «Кемел» романы», деп жазған болатын. Трилогия желісінде қоғам дамуының, адам өмірінің сан саласын жан-жақты қамти отырып, бір ауылдың тыныс-тіршілігі арқылы сол ғасырдағы заманның құбылысын мөлдіретіп жеткізген. Жастық шақтың жарасымға толы сәттері жүрегіңді шымырлатып, сезім иіріміне тартып әкетсе, қызғанышқа бой алдырғандардың тасадан тас атып, домалақ арыз жазуға машықтанған пенделік психологиясы жаныңды жаралайды. Көрнекті жазушының басқа да роман, повесть, эссе, хикаяттарына берілген баға, баспасөз беттерін тапқан рецензия, сыни пікірлер молынан жетерлік.

Санаулы жылдар ішінде әдебиетіміздің қорына мол үлес қосып үлгерген жазушы халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Атырау облысының, Құрманғазы ауданының құрметті азаматы атанды. 2025 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Құрмет» орденін иеленді. Жазушы Өмірзақ Қажымғалиұлы әлі де тынымсыз ізденіс үстінде. Қаламы қолында, жақсы мен жайсаң соңында, қарбалас қам-қарекет үстінде дүниені қажымас тұлпардай дүбірге бөлеп, алысқа ұзап барады.

Таңатар ДӘРЕЛҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

МИРАС

Әбіштің қолтаңбасы

2001 жылдың маусымы. Тараз қаласына қазақтың шандоз қаламгері Әбіш Кекілбайұлы келеді. Бір жылдан кейін Астанадағы «Елорда» баспасынан жарыққа шыққан «Талайғы Тараз» кітабына түрткі болған материалдар жинай бастаған кез.

Сондай шақтардың арасында ақ пейілді жазушымен жергілікті оқырман жұртшылық жүздеседі. Арасында әкемнің ағасы, Тұрар Рысқұлов ауданы Каменка ауылында тұрған Шалқар Бектенбайұлы да бар. Ол көркем еңбек пәнінің мұғалімі болғанымен де, әдеби, тарихи кітаптарды таңдай, талғай жинайтұғын. Жамбыл өлкесіне Әбіштей абыз келетінін білген соң, қолына 1993 жылы Алматыдағы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Хан Кене» атты ұлт-азаттық соғыс туралы тарихи толғамдар, пьеса мен дастандардың жинақ кітабын ұстай барады. Әбекеңнің университеттегі ұлы ұстазы әйгілі Мұхтар Әуезовтей кемеңгер келбеті, бұйра толқын тәрізді шашы, кесек денесі алыстан көз тартып тұратын. Шалқар ағамыз амандасып: «Әдебиетсүйер оқырмандарыңыздың бірімін», дегенде, жазушы сәлемшінің қолындағы кітапқа осындай қолтаңба қалдырыпты: «Әбіш Кекілбаев. 2.6.2001» деп қолы қойылған. Ешқандай сөз жазбаса да, жазушы ағаның көк сиясынан оқырман іниге деген ілтипат пен лебіздің тіл жетпес демі сезіледі.

Бекжан БЕКТЕНБАЙ

Жамбыл облысы,
Т.Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы

МЕРЕЙ

«Дәридайлап» жыр төккен

Мұқаш (Мұханбетқали) Сейтқазинов ағаның айтысын тұңғыш рет 1990 жылы Алматы қаласында көргенмін. Біз онда ҚазМУ-дың соңғы курсында оқитын едік. Әр облыстан таңдаулы ақындар, термешілер, жыршылар қатысқан үлкен өнер аламаны өтті. Сол жолы сахнаға домбырасыз шығып, «Дәридай» деп айтысқан Мұқаңа таң-тамаша қалғанбыз. Бұл аздай, Керекуден келген Серік Құсанбаев ағамыз домбыраны солақай тартатын болып шықты. Бірі домбырасыз «дәридайласа», бірі домбыраны солақай ұстап шыққаны, жасыратыны жоқ, басында күлкілі көрінген. Кейін ақындардың табан астында сөз тауып кеткен тапқырлығын, сөз саптауын, тегеурінін көргенде, талантына қайран қалдық.

Жұлдыз ТОЙБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Республика жұртшылығына «Дәридай» деп танылған Мұқаш ақынға кездескен қарсыластың бәрі: «Домбыра тарта алмайсың», дей беріпті. Сонда Мұқаң:

«Ақынмын, домбырам жоқ – есесінде,
Тағдырдың бұл жұмбағын шешесің бе?
Жаратқан бірін берсе, бірін бермес,
Құлағын Жаратқанның кесесің бе?», деген екен.

Содан бері отыз алты жыл өтіпті. Қазіргі Ұлытау ауданының Шеңбер ауылында туған Мұқаш ағаның есімі «Дәридай» ақын аталып, республика деңгейінде танымал болды. 1989–2003 жылдары бірнеше республикалық, халықаралық айтыстарға қатысып, жүлдегер атанды. Кезінде Қонысбай Әбілов, Әсия Беркенова, Әселхан Қалыбекова, Айтақын Бұлғақов, Шорабек Айдаров, Дүйсенбай Жұмасейітов, Елена Әбдіхалықова сынды ақындармен айтысты. Мұқаңның үлкен додаға алғаш барғандағы тұңғыш қарсыласы талдықорғандық Айтақын Бұлғақов болған екен. Сонда қарсыласының «тебеген» екенін көрген Мұқаш ақын:

«Алматы – рас, әсем, жасыл қала,
Өкшелер, беймезгілдеу тасырлама.
Сахна тақыр-тұқыр болып кетті
Шабытың бақайыңның басында ма?», деген екен.

Мұқаш Сейтқазинов ат жалын тартып мінгелі өнерден қол үзген жоқ. Қазір Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлытау ауданының құрметті азаматы, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері. «Ақтұма», «Қара кітап», «Дәридай-жүрек» жыр жинақтарының авторы. Есімі «Қазақстан айтыс ақындары» энциклопедиясына енген.

Жетпістің жотасына абыроймен жеткен ақынды ұлытаулықтар алақанына салды. Ақынның мерейін тасытып Жетісудан – Айтақын Бұлғақов, Шығыстан – Серік Құсанбаев, Сырдан – Елена Әбдіхалықова, Арқадан Қойлыбай Асан келді. Театрда өткен «Дәридай-дәурен» атты шығармашылық кеште ақынның «Дәридайдың дәптерінен» атты жаңа жыр жинағының тұсауы кесілді. Онда автордың өлеңдері, түрлі басылымда жарияланған мақалалары, танымал тұлғалардың автор туралы жазбалары, сұхбаттары еніпті. Жинақ Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабековтің қолдауымен Астанадағы «Кәусар» баспасынан жарық көрді.

Салтанатты кешке Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков қатысып, ізгі тілегін жеткізді. Сонымен қатар ақынға Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтау хаты мен ықылас гүлін табыс етті. «Мұқаш ақынның жырларын мәнерлеп оқу» байқауының қорытындысы шығарылып, жеңімпаздары марапатталды. Осы кеш аясында Ұлытау аудандық тарихи-өлкетану музейі «Айтыстың ақтаңгері – Дәридай» атты көрме ұйымдастырып, көрермен назарына ұсынды. Көрмеге ақынның жыр жинақтары, жеке құжаттары, фотосуреттері,



марапаттары, Айтақын Бұлғақов сыйлаған домбырасы қойылды.

«Мұқаң екеуміз Алматы сахнасында айтысып көрмесек те, аймақтарда өткен ірі жыр додаларында жолымыз сан мәрте түйісті. Мұқаңның сахнада отырып табан астында суырып салып айтатын жыр шумақтары, сөз саптасы, ұйқастары, ұлы Абай айтқандай, теп-тегіс, айналасы жұп-жұмыр боп келетін.

Айтыстан тысқары жерлердегі Мұқаңның азаматтық ұстанымы, ағалық қамқорлығы, кісілігі мен кішілігі жайлы да ауыз толтырып айтуға болады.

Жезқазғанда өткен «Ұлытау үні» фестивалінде айтысып отырып:

«Ауылы бұл Мұқаңның Шеңбер деген,
Шеңберге ризықты Алла кем бермеген.
Сол елдің қандыбалақ қыранысың,
Талайды сахнада шеңгелдеген», дегенім бар еді. Сол қандыбалақ қыран Мұқаш жетпіс дейтін құзар шыңға қонақтады», дейді Серік Құсанбаев.

Ұлытау облысы

ТҮЙТКІЛ

Облыс орталығындағы «Қызылорда автобус паркі» мекемесі аумағында дәл қазір 84 автобус қаңтарылып тұр. Осыдан 13 жыл бұрын қолға алынған «Қызылорда қалалық жолаушылар көлігін жаңарту» жобасы аясында құны 9 млрд теңгеге жеткізілген бұл автобустардың алды оларды сатып алуға жұмсалған несие мерзімі бітпей жатып жарамсыз күйге түсіпті. Әу бастағы қате жобалаудың кесірінен қыруар қаржыға алынған қоғамдық көліктер ел аузында «автобустар зираты» деп аталып кеткен аумақты тұрақ қылғанына біраз жылдың жүзі ауды.

Қыруар қаражатқа алынған автобустар қаңтарылып тұр

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

«Қызылорда қалалық жолаушылар көлігін жаңарту» жобасы 2013 жылы басталған. Сол жылдың аяғында Қызылорда облысының әкімдігі, «Байқоңыр» ӘКК, «Қызылорда автобус паркі» мен Еуропа қайта құру және даму банкі арасында жобаны қолдау туралы келісімге қол қойылады. Жалпы құны 27,11 млн доллар болатын жобаны жүзеге асыру мақсатында автобус паркі мен ЕҚДБ арасында, он жыл мерзімге несиелік келісім жасалып, оның алғашқы 3 жылы жеңілдік кезеңі болып белгіленеді.

Жобаның бастапқы құны теңгемен 4,17 млрд болса, аяқталғанша төленген қаржы 9 млрд теңгеге жеткен. Амалы таусылған автобус паркі айналдырған 5-6 жылда жарамсыз күйге түскен көліктердің несиесін субсидия есебінен төлеп келіпті.

«Соңғысы 2016 жылы келген автобустардың алды 2022 жылдары істен шыға бастады. Қосымша бөлшектері де пайдалануға келмей тұр. Осыдан екі жыл бұрын ғана банк алдындағы берешекті төлеп болдық», дейді «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директоры Әбдібәкір Маштаев.

«Байқоңыр» ӘКК автобус паркіне еншілес мекеме ретінде кредиттік шарт жасауға көмек берген. 2017 жылы «Қызылорда автобус паркі» қала әкімдігінің теңгеріміне өткізілген. Жақында Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов әлеуметтік желіде осы мәселені көтеріп, облыс бюджетін ойсыратып кеткен жобадан сыбайлас жемқорлықтың белгісі байқалатынын ашық айтты.

«Жобаның басында-ақ мұндай көлік бұрын-соңды елге импортталмағандықтан да, сертификаттау талаптарына байланысты автобусты жеткізу 43 аптаға кешіктірілді. Ол кезде елімізге Қытайдағы танымал компаниялардың автобустарын еш кедергісіз әкелуге болатын. Жоғары деңгейде жабдықталған, сапасы әлемге белгілі сол автобустар бізге жеткізіліп жатқан күмәнді көліктерден 3-4 есе арзан еді. Осыны көре тұра, автобусты белгісіз өндірушілерден импорттауға бел буғандардың қандай ойда болғаны беймәлім. Басталғаннан-ақ осындай қолдан жасалған кедергілер салдарынан автопарк банк алдындағы несиесін 2024 жылы ғана өтеп бітірді», дейді депутат.

Депутаттың айтып отырғаны, ТР ТС 018/2011 талаптарына сәйкес алынатын ОТТС сертификаты. Елімізде аккредиттелген зертханалар болмағандықтан, мұндай сынақ Ресейдегі Дмитров автополигонында жүргізіліп, оның соңы қосымша ұйымдастыру мен жобада жоқ логистикалық шығындарға ұласқан. Осылайша, 92 автобустың жеткізілуі ұзаққа созылып, белгіленген кестеден кешігеді. Салдарынан бір автобустың бастапқы құны 2014 жылғы бағаммен 194 076 доллар немесе 35,3 млн теңге шамасында бағаланғанымен, жоба аяқталғанша еселеп өсіп кетеді.

2014–2024 жылдар аралығында доллар бағамы 153,8 теңгеден 450 теңгеге дейін өсіп, несие жөніндегі төлем көлемі де ұлғайған. Кешігуге байланысты ЕҚДБ тарапынан 139 945,44 доллар көлемінде резервтеу комиссиясы есептелгені де кепілдік берген облыстық бюджетке артық жүк болған.

«Ең үлкен стратегиялық қателік несиені доллармен рәсімдеу болды. Валюталық тәуекелдер ескерілмегендіктен, теңге әлсіреген кезде жоба құны шарықтап кеткен. Бірақ сол миллиардтаған теңге жұмсалған автобустардың қаңтарылып тұрғаны жұрт көкейінде көп сұрақ туындатып тұр. Жұмсарта айтқандар мұны жауапсыздыққа баласа, дұрыс жоспарланбаған жобадан сыбайлас жемқорлық белгілерін байқайтындар да аз емес. Айналып келгенде, әр автобусқа барлық пайыздары, айыппұлдарды, қосымша төлемдерді, жол ақысын, баж салығын санағанда, орта есеппен 100 млн теңгеге жұмсалған. Сол тұста әр салық төлеушінің қалтасынан шыққан бұл қаржыға кемінде 10 шақты мектеп немесе бірнеше аурухана салуға болатын еді. Сондықтан құзырлы органдар тексеріс жүргізіп, кінәлілер заң аясында жауапқа тартылуы қажет. Кез келген лауазымды тұлға атқарған қызметіне, атақ-дәрежесіне қарамастан «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында жауап беруге тиіс», дейді М.Әбенов.

Бүгінде «Қызылорда автобус паркі» мекемесінде 300-ге жуық автобус бар. Олардың 280-ге жуығы күнделікті жолға шығады. Ал облыс бюджетіне тым қымбатқа түсіп, межелі мерзіміне жетпей қаңтарылған 84 қоғамдық көлікті алдағы уақытта аукцион арқылы сату жоспарланып отыр.

ҚЫЗЫЛОРДА

ИГІ ІС

Көкше көшетімен көрікті

1 <

Кейінгі бес жылға екшеліп, бөлініп жасалған жоспар тегеурінді жұмыстың арқасында толығымен орындалған. Орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері өңірдегі орман қорын молайтуға бағыт алған. Осы орайдағы ілкімді шаруаны сәл таратып айтсақ, 2026–2027 жылдары 13 мың га алқапқа 77 млн көшет отырғызу жоспарланып отыр. Қыруар істі тап-түйнақтай етіп атқаруға материалдық-техникалық базасы мығым тәлімбақтардың керек екені белгілі. Өңірде 11 тәлімбақ жұмыс істейді. Жалпы көлемі 189,7 гектарды құрайтын алқабы бар. Оның ішінде 57 га алқапқа ие Аққөл, 50 га алқапқа көшет отырғызатын Кіші Түкті, 23 гектарға болашақ орман несібесін үмітпен көктетіп отырған Маралды тәрізді тәлімбақтар бар. Үлкен Түкті, Бұқпа, Кеңес, Краснобор, Куйбышев, Отрадный, Степногор, Ұрымқай тәрізді сегіз уақытша тәлімбақ та бұл бағыттағы шаруаға мол үлесін қосып келеді. Алдағы уақытта Бұқпа орман шаруашылығының тәлімбағы кеңейтілмекші, 61 гектарды құрайтын алқап дайындалып жатыр. Жаңа тұрақты тәлімбақтың құрылысы жүргізіліп жатыр.

Көкшетау мен Қорғалжынның арасындағы кең көсілген алқап табиғи байлығымен әйгілі. Осы бір қазынаны көздің қарашығындай сақтап, өрісін кеңейтіп, өнімін молайту мақсатында мемлекеттік орман шаруашылығының еңбекқерлері қажырлы еңбек етіп жүр. Алдымен орман қорын кірпік ілмей күзетіп келе жатқан жанашыр жандардың табанды еңбегін ерекше бір ілтипат сезіммен айта кеткен ләзім. Олардың жұмыс жүктемесі де жеңіл емес. Жалпы, өңірдегі орман қоры 405,1 мың га алқапты құрайды. Оның 235,1 мың гектары – орман қоры. Осыншама кеңістікте 488 адам жұмыс істейді.

Облыс әкімдігі мемлекеттік орман шаруашылығы ұжымдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға жергілікті бюджеттен қомақты қаражат бөліп отырады. Нақтылап айта кететін болсақ, 2024 жылы облыстық бюджеттен 200 млн теңге қаражат бөлініп, орман өртінің алдын алуға қажетті кешендер сатып алынды. Өткен жылы да бұл жұмыс жалғасын тапты. Орман шаруашылықтарына 31 дана шағын кешен мен 30 трактор алынды. Аққөл, Бұқпа, Кеңес, Краснобор, Куйбышев орман шаруашылықтарына орманда өрт орын алса, жедел хабар беретін құрылғылар орнатылды. Сондай-ақ 20 бейнекамерамен қамтамасыз етілді. Бұл камералар жалпы алқаптың 50%-ын қадағалай алады. 128 мың га орман алқабы бар Аққөл ауданының аумағы тұтас бақыланады. 72 мың га орман алқабына ие Зеренді ауданы да тегіс бейнебақылау камераларының арқасында қадағаланады. Өткен жылы Бұқпа орман шаруашылығына екінші типті орманды өрттен қадағалау стансасы орнатылды. Таяуда бірнеше өрт сөндіретін машина табыс етілді.

Жыл сайын көгертіп көшет егіп, қолда бар орманның мұртын бұзбай қадағалап, жас баладай мәпелеп күтіп отырғанымен, өңірдегі жалпы алқаптың 2,6%-ында ғана орман бар. Алдағы уақытта осы ел байлығын молайта түсу міндеті тұр. Ақмолалық орман шаруашылығы еңбеккерлері осы бір асқаралы міндеттің үдесінен шығу жолында аянбай еңбек ете береді.

Ақмола облысы

ЖАРЫС КҮНДЕЛІГІ

● Спорттық гимнастикадан Мысыр елінде өтіп жатқан Әлем кубогінде еліміз құрамасының қоржыны тағы бір жүлдемен толықты. Қолды тіреп секіру жаттығуында Асан Сәлімов 14,083 ұпай жинап, күміс медальға ие болды. Жерлесіміз арменияльық Артур Давтяннан (14,666) ғана қалып қойды. Үшінші орынды чехиялық Йонас Данек (14,016) иеленді. Естеріңізге сала кетейік, жарыстың алғашқы күні Зейнолла Ыдырысов күміс алса, Нариман Құрбанов қолаға қол созған еді.

● Біріккен күрес әлемі (UWW) ресми сайтында балуандардың рейтингін жариялады. Еркін күрестен отандастарымыздың арасындағы ең үздік нәтиже Асылжан Есенгелдіге тиесілі. 61 кг салмақтағы қандасымыз үшінші орынды иеленіп тұр. Нұрқожа Қайпанов (70 кг) пен Камиль Куруглиев (97 кг) бесінші сатыға жайғасты. Азамат Дәулетбеков ТОП-10-дықты түйіндеді. Грек-рим күресінде Айдос Сұлтанғалидың (60 кг) өзгелерден көші ілгері. Былтыр әлем чемпионы атанған саңлақ екінші орында нық тұр. Демеу Жадыраев (77 кг) пен Ислам Евлоев (87 кг) үздік алтылықтың қатарында. Мерей Мәулетқанов (72 кг) жетінші орында. Сондай-ақ Ербол Камалиев (60 кг), Әлмир Төлебаев (82 кг), Олжас Сырлыбай (130 кг) ТОП-10 балуанның қатарына еніп отыр. Әйелдер күресінен Жәмилә Бақбергенова (72 кг) жетінші, Виктория Хусаинова (59 кг) сегізінші сатыға орнықты.

● 16 жастағы теннисші Томирис Нұржан Алжирде ұйымдастырылған жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнирде топ жарды. Финалда ол ресейлік Варвара Виноградованы ұтты. Бұл – Томиристің ITF Juniors J60 сериясындағы алғашқы жүлдесі.

● Танымал файтер Азамат Бақытов UFC BJJ промоушенімен келісімшартқа отырды. Nomad Wrestling турнирінің екі дүркін чемпионы деген атағы бар қандасымыз осы күнге дейін 9 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. Алайда Азамат аталған промоушенде бразилиялық джиу-джитсу ережесімен айқасады. Тұсаукесер кездесуі 21 мамырда өтеді. Қарсыласы – аустралиялық Томас Дэвид.

Дайындаған –
Ғалым СҰЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Конкурс өткізу туралы
ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды.

Жұмыс тобы «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңес мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу мақсатында қалыптастырылады.

Жұмыс тобының құрамы 5 адамнан тұрады.

Конкурсқа қатысуға коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және мемлекеттік қызметші болып саналмайтын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары шақырылады.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1) осы Ережеге 1қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың жұмыс тобының құрамына кандидатурасын ұсыну туралы өтініші;

2) кандидаттың өмірбаяндық деректерін көрсете отырып, кәсіби және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлық бұзылыстарының (ауруларының), оның ішінде психоактивті заттарды қолдануға байланысты болуы не болмауы туралы анықтама;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісім беру.

Қоғамдық кеңеске кандидатуралар бойынша ұсыныстарды осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 60/4 мекенжайына, сондай-ақ электрондық поштаға жіберу қажет: info@qaj.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
о проведении конкурса

Акционерное общество «Национальная компания «ҚазАвтоЖол» объявляет о проведении конкурса по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета (далее – Рабочая группа).

Рабочая группа формируется в целях организации и проведения конкурса по отбору членов Общественного совета АО «НК «ҚазАвтоЖол» в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об общественных советах».

Состав Рабочей группы составит 5 человек.

К участию в конкурсе приглашаются представители некоммерческих организаций и граждане Республики Казахстан, не являющиеся государственными служащими, соответствующие требованиям законодательства Республики Казахстан.

Для участия в конкурсе необходимо представить следующие документы:

1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав рабочей группы по форме согласно приложению 1 к настоящему Положению;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;

3) справка о наличии либо отсутствии судимости;

4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ;

5) согласие на сбор, обработку, распространение и публикацию персональных данных кандидата.

Предложения по кандидатурам в Общественный совет необходимо в течение 5-ти рабочих дней с момента опубликования данного объявления направлять по адресу: г.Астана, ул.Сыганак, 60/4, а также на электронную почту: info@qaj.kz.

Байқаушылар тізімін қалыптастыру туралы
ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 28 наурыздағы № 112-НҚ бұйрығымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы Үлгілік ереженің 11-тармағына сәйкес «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының отырыстарына қатысу үшін байқаушылар тізімін қалыптастыру туралы хабарлайды.

Бақылаушылар тізіміне енгізу туралы өтініштер жұмыс тобының құрамына кандидаттардан құжаттар қабылдаумен бір мезгілде, осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Сығанақ көш., 60/4, сондай-ақ info@qaj.kz электрондық поштасына жолданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
о формировании списка наблюдателей

Акционерное общество «Национальная компания «ҚазАвтоЖол» сообщает о формировании списка наблюдателей для участия в заседаниях рабочей группы по формированию Общественного совета АО «НК «ҚазАвтоЖол» в соответствии с пунктом 11 Типового положения об Общественном совете, утверждённого приказом Министра культуры и информации Республики Казахстан от 28 марта 2025 года № 112-НҚ.

Заявления принимаются одновременно с приёмом документов от кандидатов в состав рабочей группы в течение пяти рабочих дней со дня опубликования данного объявления по адресу: г.Астана, ул.Сыганак, 60/4, а также на электронную почту: info@qaj.kz

ТОО «Монтаж Пол Казахстан», БИН: 250540020321, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: Алматинская обл., Талгарский р-н, Бесагашский с.о., село Бесагаш, Потребительский кооператив садоводческих товариществ «САМАЛ», ул.Тауке хан, д.12, тел.: 8 778 544 28 10.

ТОО «PRIORITY-AE», БИН: 170240002224, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по адресу: г. Алматы, проспект Достык, дом 91/2, офис 306, тел.: 8 702 064 53 87.

Утерянный Договор найма (аренды) жилища из государственного жилищного фонда № 1030 от 19.08.2021 г. на имя **Магауовой Ботагоз Ахметжановны,** считать недействительным.



БӘРЕКЕЛДІ!

«Мазмұндама» баспасынан қазақтың кәсіби музыка өнерінің негізін салушы Ахмет Жұбановтың тағылымға толы өмір жолы баяндалған «Ахмет Жұбанов кім?» атты кітап жарық көрді.

Жұбанов туралы жинақ



Қанат БІРЛІКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Кітап авторы – «Egemen Qazaqstan» газетінің Білім және ғылым бөлімінің тілшісі, белгілі жас қаламгер Бекзат Құлшар. Әріптесіміздің «Ахмет Жұбанов кім?» атты бұл жинағында белгілі тұлғаның балалық шағынан бастап өнердегі алғашқы баспалдақтары, ұлттық оркестрді құру тарихы, ел ішіндегі таланттарды іздеп табу оқиғалары сынды қалың жұртшылыққа беймәлім деректер жетерлік.

Мәселен, Ахмет Жұбанов өзінің жеті жас үлкен туған ағасы, қазақтың тіл білімі саласындағы алғашқы профессоры Құдайберген Жұбанов екеуі мектеп табалдырығын бірге аттағаны, ұстаздары Құдайбергенді «бірінші Жұбанов», ал Ахметті «екінші Жұбанов» деп атайтыны, сол кезде сыныптағы балалардың ең кішкентайы болған, партадан бойы әрең көрінетін Ахметтің қызықты оқиғалары оқырманды өзіне баурап алады. Ал кітапты оқып отырғанда ұлттық оркестр құру жолында күресіп, алған бетінен қайтпаған тұлғаның ерлігін еріксіз мойындайсыз. Сондай-ақ ауыл-ауылды аралап, күйшілерді іздеп тауып, ел ішінде ұмытыла бастаған шығармаларды нотаға түсіріп, қазақтың тұңғыш ұлттық аспаптар оркестрін құрып, бұрын жеке-жеке тартылатын домбыра, қобыз, сыбызғы, сырнай секілді аспаптардың үнін бір арнаға тоғыстырған музыканттың ұшан-теңіз еңбегіне бас иесіз.

Ахмет Жұбанов 6 жастағы Нұрғиса Тілендиевтің қабілетін байқап, музыка сынына оқуға түсіргені, 70 жастан асқан күйші Дина Нұрпейісованы еліміздің батыс аймағынан Алматыға көшіріп алғаны, тағы да басқа таланттарды ел арасынан іздеп тауып, кәсіби музыкаға баулығаны сынды тағылымды деректер әлі де індете зерттелуге тиіс. Әріптесіміз сол тағылымды миссия жолына осы бір шағын кітабымен түскенін аңғардық.

ҚАЗЫНА

«Ғалия» кітапханасының мөрі

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлы «Сандалтқан «Садақ» кітабында көктен іздегені жерден табылғандай, осы тарихи қолжазба журналдың бірнеше санын профессор Қайыржан Бекхожиннен алғанын шабыттана жазады. «Қаптаған көп кітаптың арасынан қалыңдығы төрт елі, мұқабасы жыртылған маталы түптің жоғары және төменгі жағына әшекейлеп қара бояумен өрнек салып, орта тұсына «Садак киргизов» деп тасқа басылған сөзі бар, 575-бетіне «Ғалия» кітап-оқуханасы деген таныс штамп басылған салмақты да көлемді кітапты қолыма ұстатты. Жүрегім жарылып кетердей тулап қоя берді», дейді ол. Біз де осы мөрді көруге асықтық.

Серікбол ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Әдебиетшінің артында қалған мұрасын мұқият жиып отырған Күләш жеңгейге хабарласып, қолжазба журналдарды бір көруді өтіне сұрап едік, алайда жолымыз болмады. Сосын Алматыдағы Ұлттық кітапханадағы сирек қорда сақталған «Садақ» журналының 1916 жылғы №20, №21, №22 сандарын да шолып шықтық. Үшеуінде де «Ғалия» медресесі кітапханасының мөрі жоқ екен. Кейін Уфа қаласына барып, сондағы Ахмет Зәки Уәлиди атындағы Башқұртстан Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына кірдік. Сирек қордың меңгерушісі Флюр Сибагатовтан «Ғалия» медресесі кітапханасында сақталған басылымдар мен кітаптарды сұрадық. Ол аз уақытта алдымызға көп кітапты үйіп қойды. Сол кітаптардың көпшілігінің бетінен біз іздеген мөр табыла кетті. Бір ғана мөр арқылы бірнеше мәліметке қанық болдық.

«Ғалия» медресесінің өз кітапханасы жұмыс істеген. Шәкірттер оқудан қолы қалт еткенде осы кітапханаға барып, кітап, газет-журнал оқып тұрған. Кітапханада орыс, татар әдебиеттерімен қатар, араб, түрік тілдеріндегі кітаптар да болған.

Татар тарихшысы Лилия Тузбекованың жазуынша, «Ғалия» кітапханасының меңгерушісі қызметін медресе шәкірттері атқарған. Олар жыл сайын өз арасынан кітапхана меңгерушісін сайлап отырған. Кітапхана меңгерушісі айына 25 сом көлемінде жалақы алған. Деректерде 1914–1916 жылдары Магдан Магдеев, 1916–1917 жылдары Сайфи Құдаш кітапхана меңгерушісі қызметін атқарғаны айтылады. Соған қарағанда кітапхана 1914 жылы ашылып, медресе жабылған 1917 жылға дейін қызмет еткен секілді.

Кітапхана таңғы 9-дан түнгі сағат 11-ге дейін жұмыс істеген. Шәкірттер газет-журналдарды оқығаны үшін меңгерушіге 20 тиын көлемінде ақы төледі. Сондай-ақ «Ғалияның» шәкірттері өткізген әдеби, музыкалық сауық кештерінен түскен қаражаттың да белгілі бір бөлігі кітапхана қажетіне жұмсалды.

Сонымен қатар оқу залына «Ғалияның» шәкірттері шығарған «Парлақ», «Садақ», «Нәруа» секілді қолжазба журналдар да қойылып, бір бетіне кітапхананың мөрі басылды. «Ғалиядағы» қазақ шәкірттері шығарған «Садақ» қолжазба журналының әрбір жаңа нөмірі осы кітапхананың оқу залынан табылды. Шәкірттер журналды сол жерге барып оқып, ақпарат алды. Сол себепті «Садақ» бізге қаншалықты қымбат болса, осы қолжазба журналды оқырманға ұсынып тұрған кітапхананың да орны алабөтен.

Бүгінде Уфа қаласында «Ғалия» медресесінің ғимараты әл күнге сыны бұзылмай тұр. Алайда медресе кітапханасы сақталмаған. Кезінде кітапхананың төрінде тұрған кейбір кітаптар ғана Башқұртстан Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар қорына өткізілген. Көпшілігінің бетінде «Ғалия» кітапханасының мөрі бар. Олардың «Ғалияның» бір жәдігері екенін растап тұрған да сол мөрі ғана.

БУЫРҚАНҒАН БОЯУЛАР

Комикс суреттер сұранысқа ие

Күнұзақ шағын шеберханасында уақыт өткізетін суретші қыздың шығармашылық бағыты өзгеше. Майлы бояуды кенеп бетінде ойнатып, картина жазуды емес, ертегі желісі бойынша иллюстрация салғанды ұнатады. Кішкентай балаларға арналған кейіпкерлердің кескін-келбетін келістіре жазады. Кейде өзі де ертегі құрастырып, оны түрлі-түсті суретпен әрлейді.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Күршім ауданының тумасы Гүлсім Еркінқызы Өскемендегі Қ.Нұрғалиев атындағы колледждің суретші-дизайнер факультетінде білім алып, кәсіби суретші болып шыққан. Колледж бағдарламасымен ғана емес, өзі қосымша ізденіп, білімін ұштай түскен. Қазір жеке шығармашылығымен қатар, сурет студиясында шәкірт тәрбиелейді. Айтуынша, цифрлы дәуірдің балалары ойларын еркін жеткізеді, өзгеше ойлайды. Солардың ішінен заманның сұранысына қарай суретшілер шыққан екен дейді. Талантты суретшінің ойлауы да, алысты болжауы да өзгеше екен. Аппақ қағазды шимайлай отырып, әңгімесін өрбіткен.

«Суретшілікті жан-жақты меңгердім. Майлы бояумен картина да жаза аламын. Бірақ бүгінгі жастарға, балаларға керек дүниемен шұғылданғым келеді. Кейінгі жылдары жастар арасында комикс оқу сәнге айналды. Айтпағым, жастарға руханиятымызды комикс стилінде насихаттасақ деймін. Мойындау керек, тіпті қазақ мектептеріндегі оқушылар орысша сөйлейді. Себебі кішкентайынан ақпаратты орыс тілінде сіңірген», дейді жас суретші.

Айтып отырған идеясы орынды болғанымен, бір адамның қолынан келмейді. Ол үшін команда болып жұмыс істелуі керек. Қазақтілді мультфильм, қазақтілді бейнероликтер дайындау қыруар күшті қажет етеді. Десе де, суретші Гүлсім шама-шарқынша ертегі кейіпкерлерін бейнелеп, балдырғандарға ұсынып жүр. Шағын ертегілер жазып, суретпен көмкереді. Алғашында әкесіне деген сағыныштан қолына қалам алып, «Кішкентай періште» атты ертегі жазған. Оқиға желісі бойынша сериялық суреттер салып, кітапша етіп жинақтаған.

Суретшінің ойы – өсіп келе жатқан жастарға төл тілімізде өнім ұсыну. Оның өзінде қандай да бір есеп үшін емес, шынайы өнермен сұранысты ақтайтындай комикс кітаптар болса дейді.

ӨСКЕМЕН

КӨРМЕ

Сұлулыққа суарылған рух

Павлодарда Багаев атындағы музей-үйде фотосуретші Айгүл Төлегенованың ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттауға бағытталған фотосуреттерінің көрмесі өтті.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл көрме – жай ғана суреттер жиынтығы емес, қазақ көшпелі өркениетіндегі әйел бейнесін зерттеуге арналған көркемдік жоба. Автордың объективіне ілінген дүниелерден ұлттық киімнің, шексіз даланың, ата-бабалар рухының біртұтас эстетикалық кодқа айналғанын байқауға болады. Әрбір портретті көрнекі жырға айналдырып, қазақ ұлттық киімдерінің терең сұлулығын әйгілейді.

«Әр суретті адамдардың бойында қазақ мәдениетіне қатысты жарқын естелік қалса деген тілекпен түсіремін. «Киіз үй» деген жоба бастап, кейінгі төрт жылда ұлттық салт-дәстүрімізді әйгілейтін қанша жанды фотосурет дүниеге әкелдім. Тұтынушылар арасында өзге ұлттың адамдары баршылық. Олар бұл арқылы ұлттық киіміміздің эстетикалық ерекшелігін тереңірек түсініп, елімізге деген сүйіспеншілігін білдіріп жатады. Әшекейлерді көбірек қолданамын. Сонау АҚШ-тан, Еуропа елдерінен келіп, арнайы түсіп кеткендер қаншама», дейді Айгүл Төлегенова.

Автор этностильді жаңаша пайымдап, қазақтың ұлттық киімін музей экспонаты ретінде ғана емес, бүгінгі күннің сәніне сай жанды, өзекті мәдениет ретінде көрсетеді. Бұл – қазіргі жастарды өз тамырынан ажырамауға, ұлттық жәдігерлерді мақтан тұтуға шақыратын ерекше үндеу. Халқымыздың қоңыр тіршілігіне жақын түстердің қанықтылығы мен бейнелердің шынайылығы қазақы болмысқа жетелейді.

Айта кетейік, Айгүлдің фотосуреттері елімізбен қатар, Ресейде, Франциядағы көрмелерде ұсынылған.

Павлодар облысы

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылдың 17 желтоқсанынан шығады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

Бас директордың бірінші орынбасары
Виктор ПРЯНИКОВ

Бас директордың орынбасары
Қамбар АХМЕТ

Бас директордың орынбасары
Айгүл БАЙХАН

Бас директордың орынбасары – Алматы басылымдарының жетекшісі
Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Бас редактор
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасарлары
Талғат БАТЫРХАН
Бану ӘДІЛЖАН
Қуат ӨУЕСБАЙ

Жауапты хатшы
Амангелді ҚИЯС

Интернет-редакция жетекшісі
Абай АЙМАҒАМБЕТ

Бөлім меңгерушілері

Саясат және құқық
Орынбек ӨТЕМҰРАТ

Экономика және өндіріс
Қымбат ТОҚТАМҰРАТ

Білім және ғылым
Азамат ЕСЕНЖОЛ

Мәдениет және әдебиет
Жәнібек ӘЛИМАН

Әлеумет және спорт
Жомарт ОСПАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Абай облысы – Бақытбек Қадыр	тел.: 8 7056450424
Алматы облысы – Ұлбосын Исабек	тел.: 8 7471835704
Ақмола облысы – Байқал Байәділ	тел.: 8 7759549863
Атырау облысы – Жолдасбек Көшербайұлы	тел.: 8 7760068003
Ақтөбе облысы – Баян Қуандыққызы	тел.: 8 7014890223
Батыс Қазақстан облысы – Қазбек Құттымұратұлы	тел.: 8 7475011901
Жамбыл облысы – Табиғат Мұсылманқұл	тел.: 8 7755342262
Жетісу облысы – Мұхтар Құмісбек	тел.: 8 7753010129
Қарағанды облысы – Қасымхан Ғалым	тел.: 8 7785829696
Қостанай облысы – Нұрқанат Құлабай	тел.: 8 7775800024
Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай	тел.: 8 7018598809
Маңғыстау облысы – Гүлайым Дәуітбай	тел.: 8 7020071776
Павлодар облысы – Мұрат Қапанұлы	тел.: 8 7051528557
Солтүстік Қазақстан облысы – Жақсыбай Самрат	тел.: 8 7026398400
Түркістан облысы – Ғалымхан Елшібай	тел.: 8 7026089198
Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы	тел.: 8 7056238817
Шымкент қаласы – Әнуар Жұмашбай	тел.: 8 7763266898
Ұлытау облысы – Жұлдыз Тойбек	тел.: 8 7756688366

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астана: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@kazgazeta.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,
egemen_adv@mail.ru

Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында терілді, беттелді.
Көлемі 6 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта есепке қою туралы
№KZ21VPY00062701 күәлікті 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

ТАРАЛЫМЫ 50 005 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторы
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ